ISSN (Print) 3080-1710
ISSN (Online) 3104-462X

https://doi.org/10.32523/3080-1710-2026-156-3

Gumilyov Journal of Pedagogy

2026, №3 (156)

GUMILYOV JOURNAL OF PEDAGOGY

Published since 1995,
accepts articles in English, Kazakh, and Russian,
issued 4 times per year

1995 жылдан бастап шығады, мақалаларды ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде қабылдайды, жылына 4 рет жарық көреді

Издается с 1995 года, принимает статьи на английском, казахском и русском языках, выходит 4 раза в год

Астана, 2026
Astana, 2026

Редакциялық кеңес

Бас редактор: **МЕҢЛІБЕКОВА Гүлбақыт Жолдасбековна**, педагогика ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Жауапты редактор: **СЕМБИНА Жулдыз Жангельдыевна**, әлеуметтік ғылымдар магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Техникалық хатшы: **АЙКИНБАЕВА Гульден Канатовна,** педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Техникалық хатшы: **ДОСМУРЗАЕВА Динара Онгаровна,** әлеуметтік жұмыс магистрі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

ДЛИМБЕТОВА Гаини Карекеевна (Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан)
ӘТЕМОВА Қалипа Тұрсыновна (Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан)
ЗАКИРОВА Алма Булатовна (Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан)
ҚАЛКЕЕВА Қамарияш Райхановна (Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан)
БЕРКІМБАЕВ Қамалбек Мейрбекович (Ахмет Ясауи университеті, Түркістан, Қазақстан)
САЛИЕВА Айгүл Жанаевна (Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан)
СЕЙІТҚАЗЫ Перизат Байтешқызы (Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан)
ЖИЕНБАЕВА Сайра Нағашыбаевна (Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан)
МАЙЛЫБАЕВА Гүлмира Сабыровна (І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан)
АТМАКА Танер (Дюздже университеті, Дюздже, Түркия)
ЧОШКУН Йелкин (Йедитепе университеті, Ыстамбұл, Түркия)
ЧЕПНИ Салих (Улудаг университеті, Бурса, Түркия)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Янушкевич к-сі, 6, 214 б.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Тел.: +7 (7172) 709500, (ішкі: 35-108)
E-mail: pedjournal@enu.kz

Gumilyov Journal of Pedagogy
Меншіктенуші: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркелген.
No KZ79VPY00113358, 25.02.2025 ж. қайта есепке қою туралы куәлігі
Мерзімділігі: жылына 4 рет.
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500, (ішкі 35-108)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Редакционный Совет

Главный редактор: **МЕНЛИБЕКОВА Гульбахыт Жолдасбековна,** доктор педагогических наук, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Ответственный редактор: **Сембина Жулдыз Жангельдыевна,** магистр социальных наук, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Технический секретарь: **АЙКИНБАЕВА Гульден Канатовна,** кандидат педагогических наук, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Технический секретарь: **ДОСМУРЗАЕВА Динара Онгаровна,** магистр социальной работы, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

ДЛИМБЕТОВА Гаини Карекеевна (Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан)
АТЕМОВА Калипа Турсыновна (Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан)
ЗАКИРОВА Алма Булатовна (Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан)
КАЛКЕЕВА Камарияш Райхановна (Евразийский национальный университет им.Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан)
БЕРКИМБАЕВ Камалбек Мейрбекович (Университет Ахмета Ясави, Туркестан, Казахстан)
САЛИЕВА Айгул Жанаевна (Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан)
СЕЙТКАЗЫ Перизат Байтешкызы (Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан)
ЖИЕНБАЕВА Сайра Нагашыбаевна (Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан)
МАЙЛЫБАЕВА Гулмира Сабыровна (Жетысуский университет им. И. Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан)
АТМАКА Танер (Университет Дюздже, Дюздже, Турция)
ЧОШКУН Йелкин (Университет Йедитепе, Стамбул, Турция)
ЧЕПНИ Салих (Университет Улудаг, Бурса, Турция)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Янушкевича, 6, каб. 214
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева
Тел.: +7 (7172) 709500, (вн: 35-108)
E-mail: pedjournal@enu.kz

Gumilyov Journal of Pedagogy
Собственник: Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Зарегистрирован Министерством культуры и информации Республики Казахстан.
Свидетельство о постановке на переучет No KZ79VPY00113358 от 25.02.2025 г.
Периодичность: 4 раза в год
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500, (вн.35-108)
Периодичность: 4 раза в год

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Editorial Review Board

Editor-in-Chief: **MENLIBEKOVA Gulbakhyt,** Doctor of Pedagogical Sciences, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Responsible Editor: **SEMBINA Zhuldyz,** Master of Social Sciences, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Responsible Secretary: **AIKINBAYEVA Gulden,** Candidate of Pedagogical Sciences, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Responsible Secretary: **DOSMURZAYEVA Dinara,** Master of Social Work, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

DLIMBETOVA Gaini (L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan)
ATEMOVA Kalipa (L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan)
ZAKIROVA Alma (L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan)
KALKEEVA Kamariyash (L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan)
BERKIMBAEV Kamalbek (Akhmet Yassawi University, Turkestan, Kazakhstan)
SALIEVA Aygul (L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan)
SEIITKAZY Perizat (L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan)
ZHIYENBAYEVA Saira (L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan)
MAILYBAEVA Gulmira (I. Zhansugurov Zhetysu University, Taldykorgan, Kazakhstan)
ATMAKA Taner (Duzce University, Duzce, Turkey)
CHOSHKUN Yelkin (Yeditepe University, Istanbul, Turkey)
CHEPNI Salih (Uludag University, Bursa, Turkey)

Editorial address: 6 Yanushkevich St., of.214, Astana, Kazakhstan, 010008
L.N. Gumilyov Eurasian National University
Tel.: +7 (7172) 709500, (ext.: 35-108)
E-mail: pedjournal@enu.kz

Gumilyov Journal of Pedagogy
Owner: L.N. Gumilyov Eurasian National University
Gumilyov Journal of Sociology
Owner: L.N. Gumilyov Eurasian National University
Registered by the Ministry of Culture and information of the Republic of Kazakhstan.
Rediscount certificate No. KZ79VPY00113358 from 25.02.2025
Periodicity: 4 times a year
Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500, (ext.: 35-108)
35-108)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

№3 (156)/ 2026

МАЗМҰНЫ/ CONTENT/ СОДЕРЖАНИЕ

КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСНАМАСЫ / ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ / THEORY AND METHODOLOGY OF PROFESSIONAL EDUCATION

А.А. Алимбекова, Т.С. Жумашева, А.Т. Кожагулов. ЖОО студенттерінің көшбасшылық құзыреттілігін дамытуда арт-технологияларды интеграциялау .....

А.А. Алимбекова, Т.С. Жумашева, А.Т. Кожагулов. Опыт интеграции арт-технологий в развитие лидерских компетенций студентов вуза .....

A.A. Alimbekova, T.S. Zhumasheva, A.T. Kozhagulov. Experience of Integrating Art Technologies into the Development of University Students' Leadership Competencies 9

Ә.А. Алтынбек, У.М. Абдигапбарова, Ж. Сапарқызы. Жоғары сынып оқушыларының кәсіпкерлік ойлауының даму деңгейін критерийлер негізінде бағалау .....

А.А. Алтынбек, У.М. Абдигапбарова, Ж. Сапарқызы. Критериальная оценка уровня развития предпринимательского мышления старшеклассников .....

A.A. Altynbek, U.M. Abdigapbarova, Z. Saparkyzy. Criterion-level assessment of the development of entrepreneurial thinking among high school students 30

А.Қ. Әубәкірова, Г.Қ. Түсіпова, Н.А. Устелимова. Қазақ тілді студенттерді неміс тілін екінші шет тілі ретінде оқытуда ағылшын және неміс тілдерінің интерференциясына контрастивтік тәсіл .....

А.К. Аубакирова, Г.К. Тусупова, Н.А. Устелимова. Контрастивный подход к интерференции английского и немецкого языков при обучении казахскоязычных студентов немецкому языку как второму иностранному .....

A.K. Aubakirova, G.K. Tussupova, N.A. Ustelimova. A contrastive approach to English-German interference in teaching German as a second foreign language to Kazakh-speaking students 44

Т.У. Джакипова, Л.К. Садыкова, М.С. Ибраемова. Обучение этнодемографическим исследованиям в Казахстане: методологические подходы и образовательные технологии

Т.У. Джакипова, Л.К. Садыкова, М.С. Ибраемова. Қазақстандағы этно-демографиялық зерттеулерді оқыту: әдіснамалық тәсілдер және білім беру технологиялары .....

T.U. Dzhakipova, L.K. Sadykova, M.S. Ibrayemova. Teaching Ethno-Demographic Research in Kazakhstan: Methodological Approaches and Educational Technologies 55

Ж.Е. Телюқанов, А.А. Нурлаков, Й. Мадалинска-Михалак, С.Н. Альмагамбетов, Н.П. Албытова. Академиялық мақсаттарды ұлттық құндылықтармен үйлестіру.....

Ж.Е. Телюканов, А.А. Нурлаков, Й. Мадалинска-Михалак, С.Н. Альмагамбетов, Н.П. Албытова. Согласование академических целей с национальными ценностями.....

Z.Y. Telyukanov, A.A. Nurlakov, J. Madalinska-Michalak, S.N. Almagambetov, N.P. Albytova. Aligning Academic Goals with National Values 72

БІЛІМ БЕРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУ / ЦИФРОВИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ / DIGITALIZATION OF EDUCATION

Е.Ә. Әбдіжәділ, Қ.Ш. Молдасан, А.Д. Шакирова, С.М. Нурбекова. Болашақ педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығын диагностикалау әдістемесі .....

Е.А. Абдижадил, К.Ш. Молдасан, А.Д. Шакирова, С.М. Нурбекова. Методика диагностики цифровой грамотности будущих педагогов-психологов .....

Y. Abdizhadil, K. Moldassan, A. Shakirova, S. Nurbekova. The methodology of digital literacy diagnostics for future educational psychologists 93

Б.С. Байменова, С.С. Жубакова, М.К. Ажгалиев, Ж.О.Аманжолова, А.С. Сабденова. Цифрлық білім беру ортасында оқушылардың ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру

Б.С. Байменова, С.С. Жубакова, М.К. Ажгалиев, Ж.О.Аманжолова, А.С. Сабденова. Формирование культуры информационной безопасности школьников в цифровой образовательной среде .....

B.S. Baimenova, S.S. Zhubakova, M. Azhgaliyev, Zh.O. Amanzholova, A.S. Sabdenova. Formation of Information Security Culture among Schoolchildren in a Digital Educational Environment 112

Т.А. Табишев. Жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде жасанды интеллект технологияларын қолданудың әдістемесі мен ерекшеліктері: ақпараттық-талдамалық шолу

Т.А. Табишев. Методология и особенности применения технологий искусственного интеллекта в системе высшего педагогического образования: информационно-аналитический обзор .....

T. A. Tabishev. Methodology and features of applying artificial intelligence technologies in the system of higher pedagogical education: an information and analytical review 135

А.С. Тулебекова, Н. Рывкина, А. Алдунгарова. Инженерлік білім берудегі цифрлық тәжірибелердің педагогикалық құндылығы: әлемдік шолу .....

А.С. Тулебекова, Н. Рывкина, А. Алдунгарова. Педагогическая ценность цифровых практик в инженерном образовании: мировой обзор .....

A. Tulebekova, N. Ryvkina, A. Aldungarova. The pedagogical value of digital practices in engineering education:a global overview 153

Н. Есимханова, С. Мамекова, С. Курбанбаева, Ж. Джунусбекова, С. Кожанов. Қазақстандағы жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқытуда ЖИ пайдалануға мұғалімдердің қатынасын салыстырмалы талдау .....

Н. Есимханова, С. Мамекова, С. Курбанбаева, Ж. Джунусбекова, С. Кожанов. Сравнительный анализ отношения преподавателей к использованию искусственного интеллекта в обучении английскому языку в Южно-Казахстанском университете имени М. Ауэзова .....

N.A. Yesimkhanova, S.K. Mamekova, S.N. Kurbanbaeva, Zh. Dzhunusbekova, S.N. Kozhanov. Comparative analysis of teachers' attitudes toward the use of artificial intelligence in English language teaching: a survey-based study at M. Auezov South Kazakhstan University 172

Т.П. Мұхан, А.М. Абдыхалыкова. Инклюзивті сыныптарда ағылшын тілін оқытуда жасанды интеллектті қолдану: аралас әдістер негізіндегі зерттеу .....

Т.П. Мұхан, А.М. Абдыхалыкова. Применение искусственного интеллекта в преподавании английского языка в инклюзивных классах: исследование с использованием смешанных методов .....

T.P. Mukhan, A.M. Abdykhalykova. Application of Artificial Intelligence in English Language Teaching in Inclusive Classrooms: A Mixed-Methods Study 184

ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ ӘДІСТЕМЕСІ /МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ / METHODOLOGY OF TEACHING AND UPBRINGING

К.Н. Ахмедиева, А.Ж. Қалықбаева, Ж.А. Пайлозян. Нашар еститін бастауыш сынып оқушыларын фольклор негізінде патриотизмге тәрбиелеудегі отбасының рөлі.....

К.Н. Ахмедиева, А.Ж. Қалықбаева, Ж.А. Пайлозян. Роль семьи в воспитании патриотизма у слабослышащих учащихся начальных классов на основе фольклора .....

K.N. Akhmediyeva, A.Zh. Kalykbaeva, Zh.Paylozyan. The Role of the Family in Fostering Patriotism among Hard-of-Hearing Primary School Students through Kazakh Folklore 196

Б.С. Имангалиева, Н.А. Убайдулаева, А.Б. Алдиярова, Ж.С. Сақып. Химияны оқытудағы пәнаралық байланыстар: білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттыру мүмкіндіктері

Б.С. Имангалиева, Н.А. Убайдулаева, А.Б. Алдиярова, Ж.С. Сақып. Междисциплинарные связи в преподавании химии: возможности повышения интереса учащихся к предмету

B. Imangaliyeva, N.A. Ubaidulayeva, A.B. Aldiyarova, Zh.S. Sakyp. Interdisciplinary connections in chemistry teaching: opportunities to increase students' interest in the subject 216

Г.С. Ешимбетова, Г.У. Байташева, К.У. Коразбекова. Оқу-дала практикасының тиімділігін арттырудағы квалиметриялық әдістердің рөлі және оларды оқу процесіне енгізу жолдары

Г.С. Ешимбетова, Г.У. Байташева, К.У. Коразбекова. Роль квалиметрических методов в повышении эффективности учебно-полевой практики и пути их внедрения в учебный процесс .....

G.S. Yeshimbetova, G.U. Baytasheva, K.U. Korazbekova. The Role of Qualimetric Methods in Enhancing the Effectiveness of Field Training and Ways to Integrate Them into the Educational Process 237

Е.В. Жумагулова, Л.С. Байманова, Л.Н. Навий, Б.С. Байманова. Фасилитация мен топтық жұмыстың зерттеу қызметіне қабылданатын дайындықпен байланысы .....

Е.В. Жумагулова, Л.С. Байманова, Л.Н. Навий, Б.С. Байманова. Связь фасилитации и групповой работы с воспринимаемой готовностью к исследовательской деятельности

Ye.V. Zhumagulova, L.S. Baimanova, L.N. Naviy, B.S. Baimanova. The Relationship Between Facilitation, Group Work, and Perceived Readiness for Research Activities 253

А.Н. Кошербаева, А.Б. Альчимбаева. Білім берудің гуманистік парадигмасы контекстіндегі мәдени тәрбие .....

А.Н. Кошербаева, А.Б. Альчимбаева. Культуросообразное воспитание в контексте гуманистической парадигмы образования .....

A.N. Kosherbayeva, A.B. Alchimbayeva. Culture-based education in the context of the humanistic educational paradigm 271

Ғ.Е. Тауғынбаева, А.Ж. Жұбанышева. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика бойынша алғашқы ұғымдарды оқыту әдістемесі .....

Г.Е. Таугынбаева, А.Ж. Жубанышева. Методика преподавания начальных понятий теории вероятностей и математической статистики .....

G. Taugynbayeva, A. Zhubanysheva. Methodology of Teaching Basic Knowledge in Probability Theory and Mathematical Statistics 289

БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ / МЕНЕДЖМЕНТ В ОБРАЗОВАНИИ / MANAGEMENT IN EDUCATION

М. Я. Колоцей. Университет қазіргі заманғы сын-қатерлер жағдайында мұғалімдердің кәсіби және жеке дамуына арналған орта ретінде .....

М. Я. Колоцей. Университет как среда профессионально-личностного развития преподавателей в условиях современных вызовов .....

M.Y. Kalatsei. The University as an Environment for the Professional and Personal Development of Faculty amidst Modern Challenges 309

Г. Пилтен, П. Пилтен, А. Куралбаева, С.Нурунбетова. Мұғалімдердің көзімен когнитивтік икемділік үдерістері: Қазақстаннан алынған зерттеу .....

Г. Пилтен, П. Пилтен, А. Куралбаева, С.Нурунбетова. Процессы когнитивной гибкости глазами учителей: исследование из Казахстана .....

G. Pilten, P. Pilten, A. Kuralbayeva, S. Nurunbetova. Cognitive flexibility processes through teachers' eyes: a study from Kazakhstan 320

А.Қ. Сағынтаева. Қазақстандағы университеттік көшбасшылық: сапалық тұрғыдан зерттеу

А.К. Сагинтаева. Университетское лидерство в Казахстане: качественное исследование

A.K. Sagintayeva. Qualitative Research on University Leadership in Kazakhstan..... 332

GUMILYOV JOURNAL OF PEDAGOGY
ISSN: 3080-1710. ISSN (Online): 3104-462X

ХҒТАР 14.35.05
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/3080-1710-2026-156-3-9-29

ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУДА АРТ-ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

А.А. Алимбекова[1], Т.С. Жумашева[2], А.Т. Кожагулов*[3]

[1,3] Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
[2] Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

*E-mail: [1]aaalimbekova66@gmail.com, [2]tolkynzhumasheva00@gmail.com, *[3]aidyn.kozhagulov@bk.ru*

Аңдатпа. Мақалада жоғары оқу орны студенттерінің көшбасшылық құзыреттілігін дамытуда арт-технологияларды оқу үдерісіне интеграциялау тәжірибесі қарастырылады. Заманауи отандық және шетелдік зерттеулерді теориялық талдау негізінде арт-технологиялардың студенттердің тұлғалық және шығармашылық әлеуетін ашуға, топтық өзара әрекеттестігін, коммуникативтік белсенділігі мен әлеуметтік қатысуын қолдаудағы педагогикалық мүмкіндіктері жүйеленді. Зерттеу бір топтық pre-test/post-test эксперименттік дизайн негізінде жүргізілді. Зерттеуге Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің бірінші курс студенттері қатысты (N=96). Интервенция барысында бейнелеу өнері, графика және графикалық дизайн, визуалды сторителлинг, рөлдік ойындар, театрландырылған көріністер мен шығармашылық жобалау элементтері қолданылды. Студенттердің көшбасшылық құзыреттілігін бағалау бастамашылдық, эмоциялық тұрақтылық, коммуникация, шешім қабылдау және ұйымдастырушылық компоненттері бойынша жүргізілді. Pre-test және post-test нәтижелерін салыстыру интервенциядан кейін зерттелген көшбасшылық компоненттерінің барлығы бойынша оң динамика байқалғанын көрсетті. Бастамашылдық, эмоциялық тұрақтылық, коммуникация, шешім қабылдау және ұйымдастырушылық көрсеткіштерінде оң өзгерістер тіркелді. Алынған нәтижелер арт-технологияларды оқу үдерісіне мақсатты және жүйелі интеграциялаудың студенттердің көшбасшылық құзыреттілігін дамытуға бағытталған педагогикалық тәжірибеде қолдану мүмкіндігін көрсетеді. Зерттеуде бақылау тобының болмауына байланысты анықталған өзгерістер арт-технологиялардың тікелей

Түсті: 27.10.2025; Мақұлданды: 15.09.2026; Онлайн қолжетімді: 30.09.2026

*хат-хабар авторы

себептік әсері ретінде емес, интервенциядан кейін байқалған эмпирикалық оң динамика ретінде түсіндіріледі.

Зерттеудің мақсаты - арт-технологияларды оқу үдерісіне интеграциялау жағдайында ЖОО студенттерінің көшбасшылық құзыреттілігі компоненттеріндегі pre-test және post-test нәтижелерінің өзгеріс динамикасын анықтау.

Түйін сөздер: көшбасшылық құзыреттілік, көшбасшылық әлеует, арт-технологиялар, интеграция, бастамашылдық, коммуникация, ұйымдастырушылық, шығармашылық.

Кіріспе

Бүгінгі әлемдік интеграция және білім беру кеңістігінің жаһандануы жағдайында Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесі болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған жаңа міндеттерді айқындап отыр. Солардың ішінде студенттердің көшбасшылық құзыреттілігін дамыту кәсіби табыстылықтың, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттіліктің және әлеуметтік жауапкершіліктің негізгі көрсеткіштерінің бірі. Заманауи маман тек кәсіби білім иесі ғана емес, сонымен қатар бастамашылдық таныта алатын, шешім қабылдайтын, топты ұйымдастыратын, эмоционалдық және коммуникативтік икемге ие тұлға болуы тиіс.

ҚР «Білім туралы» Заңының 8-9 баптарында жоғары білім берудің мақсаты – шығармашылық қабілеті дамыған, кәсіби білікті, бастамашыл, көшбасшылық қасиеттері қалыптасқан мамандар даярлау екендігі нақты бекітілген (ҚР Білім туралы заңы, 2007). Сонымен қатар «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңда жастардың кәсіби және тұлғалық дамуына жағдай жасау, олардың көшбасшылық қабілетін қоғамдық белсенділік, еріктілік және шығармашылық бастамалар арқылы арттыру негізгі басымдық ретінде белгіленген (ҚР Мемлекеттік жастар саясаты туралы заңы, 2015).

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында да бастамашыл, шығармашылықпен ойлайтын, инновациялық технологияларды меңгерген және көшбасшылық әлеуеті жоғары мамандар даярлау білім беру жүйесінің стратегиялық міндеті ретінде айқындалған. Құжатта жоғары білім беру мазмұнына студенттердің креативтілігін, коммуникациясын және көшбасшылық құзыреттілігін дамытатын әдістерді интеграциялау қажеттілігі ерекше атап көрсетілген (Тұжырымдама, 2023).

Мемлекетіміздің талаптарына сәйкес бүгінгі таңда жоғары оқу орындары студенттердің көшбасшылығын жан-жақты дамытудың инновациялық әдістерін белсенді енгізіп келеді. Солардың ішінде арт-технологияларды оқу үдерісіне интеграциялау тәжірибесі ерекше назар аудартады. Арт-технологиялар студенттердің шығармашылық ойлауын дамытуға, эмоциялық интеллектіні күшейтуге, командада жұмыс жасау дағдыларын жетілдіруге, бастамашылдық пен ұйымдастырушылық икемін қалыптастыруға мүмкіндігі зор.

Өнерге негізделген педагогикалық тәсілдер студент тұлғасының ішкі әлеуетін ашып, оның кәсіби-психологиялық даярлығын арттырады; командадағы коммуникация мен өзара әрекеттестікті күшейтеді; шешім қабылдау, рефлексия және эмоционалдық реттеу дағдыларын дамытады. Сондықтан арт-технологияларды ЖОО студенттерінің көшбасшылық құзыреттілігін дамыту үдерісіне интеграциялау қазіргі білім беру кеңістігінде тиімді әрі ғылыми негізделген инновациялық бағыт ретінде танылуда.

Соған қарамастан, ғылыми әдебиеттерде арт-технологияларды жоғары оқу орны студенттерінің, соның ішінде болашақ педагогтердің көшбасшылық құзыреттілігін дамыту үдерісімен тікелей байланыстыратын зерттеулер жеткілікті дәрежеде жүргізілмеген. Атап

айтқанда, арт-технологиялардың жекелеген түрлерінің көшбасшылық құзыреттіліктің бастамашылдық, ұйымдастырушылық қабілет, коммуникация, шешім қабылдау және эмоциялық тұрақтылық компоненттерімен байланысы және аталған компоненттердегі өзгерістердің оқу үдерісіндегі арт-әрекеттер арқылы көріну ерекшеліктері қосымша эмпирикалық зерттеуді қажет етеді.

Осы ғылыми мәселе арт-технологиялардың әртүрлі түрлерін көшбасшылық құзыреттіліктің нақты компоненттерімен сәйкестендіру және оларды жоғары оқу орнының білім беру үдерісіне мақсатты интеграциялау жағдайындағы өзгеріс динамикасын эмпирикалық тұрғыдан зерттеу қажеттілігін негіздейді.

Әдебиеттерге шолу

ЖОО студенттерінің көшбасшылық құзыреттілігін дамытуда арт-технологияларды интеграциялау тәжірибесінің теориялық-әдіснамалық негізі ретінде әр елдегі білім беру жүйелерінде педагогтердің көшбасшылығын дамытуды зерттеген ғалымдардың еңбектеріндегі идеяларына, қолданған әдістеріне сүйендік. Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерге талдау жүргізіліп, отандық және шетелдік зерттеулердің негізгі тұжырымдары жүйеленді.

Білім беру үдерісінде көшбасшылықты дамыту мәселесі заманауи зерттеулерде креативті орта мен тұлғалық дамумен тығыз байланыста қарастырылады. Инклюзивті көшбасшылық білім беру ұйымында сенім мен қолдау ахуалын қалыптастыра отырып, шығармашылық белсенділік пен эмоционалдық әл-ауқатты арттыруға ықпал етеді (Jiang et al., 2025).

Зерттеулерде студенттердің көшбасшылық құзыреттілігін дамыту шығармашылық белсенділікпен және интегративті тәсілдерді қолданумен байланыстырылып, олардың бастамашылдығын, жауапкершілігін және коммуникативтік дағдыларын жетілдіреді (Жусупова және т.б., 2023). Осы тұрғыдан алғанда, оқу үдерісінде шығармашылыққа негізделген әдістерді қолдану көшбасшылықтың тұлғалық және әлеуметтік компоненттерін кешенді дамытуға мүмкіндік береді.

Көшбасшылықтың күрделі әрі көпқырлы феномен екені педагогикалық зерттеулерде де дәлелденеді, онда ол кәсіби жауапкершілікпен қатар, тұлғалық даму мен рефлексияны талап ететін үдеріс ретінде қарастырылады (Kahila & Heikka, 2024). Сонымен қатар, көшбасшылықтың тиімділігі психологиялық және технологиялық факторлармен, соның ішінде инновациялық білім беру технологияларымен өзара байланыста жүзеге асады (Yuting Wang et al., 2025).

Педагогтердің кәсіби дербестігі мен ынтымақтастығы көшбасшылықтың дамуына және оқу үдерісінің тиімділігіне тікелей әсер ететіні анықталған (Hsieh et al., 2025), ал өзіндік тиімділік деңгейі көшбасшылықтың білім сапасына ықпалын күшейтетін маңызды медиатор ретінде қарастырылады (Ozdogru et al., 2025). Аталған зерттеулер шығармашылық белсенділік, эмоциялық тұрақтылық, коммуникация, кәсіби дербестік және өзіндік тиімділіктің көшбасшылықпен өзара байланысын көрсетеді. Ғылыми тұжырымдалған идеялар арт-технологиялардың студенттердің көшбасшылық құзыреттілігі компоненттерімен байланысын зерттеудің теориялық негізін құрайды.

R.S.Darwis және т.б. (2025) ұсынған әдістеме негізінде көшбасшылық құзыреттілікті диагностикалауға арналған құралды бейімдеу үдерісі жүзеге асырылады. Алынған әдіс T.R.Hinkin (1998) ұсынған үш кезеңдік модельге сүйенеді:

- көшбасшылық индикаторлары мен бастапқы сұрақтарды әзірлеу;
- шкалалар мен құрылымдық өлшемдер дайындау;
- эмпирикалық тексеру және психометриялық талдау жүргізу.

Liu & Zaman (2025) зерттеуінде көшбасшылықтың шығармашылық мінез-құлыққа әсері және креативті орта мен өзіндік тиімділіктің медиаторлық рөлі анықталған.

1. Тұлғаның түрлі тәжірибені қалай қабылдап, өңдейтіні (Leader experience processing system)

2. Көшбасшылыққа қатысты өзіндік түсінігі мен көзқарастары (Leader self-view system)

Сонымен қатар мақалада пәнаралық тәсілдер (психология, педагогика, әлеуметтік ғылымдар), көшбасшылық дамуды үздіксіз үдеріс ретінде қарастырып, өмір бойы білім алу қағидатымен байланыстырады.

ЖОО студенттерінің көшбасшылық құзыреттілігін дамытуға орай арт-технологияларды интеграциялаудың тәжірибесін зерттегенде теориялық әдіснамалық жағынан ғалымдардың (Yuting Wang, Chuanyou Bao және Xiaohang Luo, 2025) бірнеше маңызды идеялары мен тұжырымдарына тоқталып өтейік:

Әлеуметтік шынайылық теориясы негізінде әлеуметтік орта мен ресурстардың студенттердің көшбасшылық құзыреттілігін дамытудағы рөлін зерттеу. Осы жерде студенттердің кәсіби және коммуникативтік дағдыларын арттыруда әлеуметтік ресурстар мен құрылымдарды қолданудың маңыздылығын көрсетеді.

Психологиялық капитал тұжырымдамасын пайдалану, оның ішінде оптимизм, сенімділік, үміт және жекелеген жеке ресурстардың студенттердің көшбасшылық құзыреттілігін дамытуға әсерін анықталуы арт-технология арқылы тұлғаның мотивация мен өзін-өзі басқару қабілетін жетілдіруге болатыны көрсетіледі.

Инновациялық технологиялардың (мысалы, виртуалды шындық, интерактивті платформалар, ойындар) интеграциясын оқыту үдерісіне енгізу арқылы көшбасшылық құзыреттілігін дамытудың тиімді механизмдерін анықтау студенттердің тәжірибелік дағдыларын дамытып, инновациялық ойлау қабілетін арттырады.

Өңделген педагогикалық модельдер құру, мысалы, арт-технологияларды пайдалана отырып, студенттерге жобалық және командалық жұмыс арқылы көшбасшылық құзыреттілік дамыту мүмкіндігін беретін әдіснамалық негіздерді айқындау.

Құндылықтар, мотивация және эмоциялық интеллекттің рөлін зерттеп, арт-технологиялар арқылы студенттердің эмоционалды және тұлғалық даму деңгейін көтеру механизмдерін ұсыну.

Жалпы, авторлардың анықтаған теориялық негіздері мен тұжырымдамалары студенттердің көшбасшылық құзыреттілігін дамытуда әлеуметтік, психологиялық және технологиялық аспектілердің өзара байланысын ескере отырып, кешенді әдіснамалық платформаны құруға мүмкіндік береді. Ғылыми тұжырымдалған идеялар біздің зерттеуімізге инновациялық әдіснамалық негіз және көшбасшылық құзыреттілікті дамытуға ықпал ету әдістерін айқындауға көмектеседі.

Jiang, M., Zhang, J., & Arshad, M. Z. (2025) зерттеуінде Малайзиядағы білім беру саласында инклюзивті көшбасшылықтың мұғалімдердің шығармашылығына және кәсіби қанағаттануына әсері қарастырылған. Эмпирикалық зерттеу 419 мұғалімнің мәліметін қамтып, төмендегідей тұжырымдарды көрсетті:

– инклюзивті көшбасшылық мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін арттырады және олардың жұмыстан алған қанағаттануын күшейтеді.

– институт ішіндегі шығармашылық мәдениеті педагогикалық үдерістегі делдалдық қызметін атқарады, яғни көшбасшылық арқылы кәсіби мәдениет қалыптасып, мұғалімдердің шығармашылық дамуына әсер етеді.

Liu et al. (2024) мақаласында полихроникалық мінез-құлық мұғалімнің уақытты қалыпты басқару ерекшеліктеріне байланысты, шығармашылыққа әсер ететін модераторлық күшейтпелі фактор ретінде анықталған. Зерттеу авторлары көшбасшылықтың

эмоционалдық, когнитивтік және ұйымдастырушылық механизмдер арқылы әсер ететінін атап көрсетеді.

ЖОО-ның оқу үдерісінде арт-технологиялар мен геймификацияны интеграциялау студенттердің көшбасшылық құзыреттілігінің дамуына оң ықпал ететіні бірқатар зерттеулерде көрсетілген.

Геймификация оқу мотивациясын, топтық өзара әрекеттестікті және бастамашылдықты арттырады (Zhumasheva et al., 2022), ал арт-технологиялармен үйлескен интерактивті тәсілдер студенттердің шығармашылық белсенділігін күшейтіп, шешім қабылдау және жобалық әрекет дағдыларын дамытады (Nolan et al., 2025). Сонымен қатар arts-based тәсілдер креативтілік, сыни ойлау және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етеді (Satchanawakul et al., 2025). Алынған теориялық қорытындылар арт-технологияларды қолданудың студенттердің көшбасшылық құзыреттілігінің мотивациялық, коммуникативтік және ұйымдастырушылық құрамдас бөліктерін дамытудағы тиімділігін ғылыми тұрғыдан айқындайды.

Зерттеу аясында көшбасшылық құзыреттілік студенттің топтық және кәсіби әрекет жағдайында бастама көтеру, өзара әрекеттестік орнату, ұйымдастырушылық міндеттерді жүзеге асыру, шешім қабылдау және эмоциялық тұрақтылық таныту қабілеттерінің өзара байланысқан жиынтығы ретінде қарастырылады. Осы түсінік негізінде көшбасшылық құзыреттіліктің құрылымы бес компонент арқылы айқындалды: бастамашылдық, ұйымдастырушылық қабілет, коммуникация, шешім қабылдау және эмоциялық тұрақтылық. Бастамашылдық студенттің белсенді әрекетке ұмтылысы мен дербес ұсыныс білдіруін; ұйымдастырушылық қабілет топтық әрекетті жоспарлау, үйлестіру және жауапкершілікті бөлуді; коммуникация өзара қарым-қатынас орнату мен ойын жеткізуді; шешім қабылдау жағдаятты бағалап, әрекет бағытын таңдауды; эмоциялық тұрақтылық күрделі жағдайларда өзін-өзі реттеу мен әрекет тұрақтылығын сақтауды сипаттайды. Аталған компоненттер зерттеудің диагностикалық көрсеткіштерін айқындауға және арт-технологияларды қолданудан кейінгі өзгеріс динамикасын бағалауға негіз болды.

Талданған зерттеулер көшбасшылықтың шығармашылық белсенділік, коммуникация, өзіндік тиімділік, эмоциялық тұрақтылық, кәсіби дербестік және топтық өзара әрекеттестікпен өзара байланысын көрсетеді. Сонымен қатар arts-based тәсілдердің білім алушылардың шығармашылық және тұлғалық дамуына ықпал ету мүмкіндіктері ғылыми еңбектерде әртүрлі аспектілерде қарастырылған. Алайда арт-технологиялардың жекелеген түрлерін ЖОО студенттерінің көшбасшылық құзыреттілігінің нақты компоненттерімен, бастамашылдық, ұйымдастырушылық қабілет, коммуникация, шешім қабылдау және эмоциялық тұрақтылықпен сәйкестендіре отырып зерттеу жеткілікті дәрежеде қамтылмаған. Осыған байланысты аталған компоненттер мен арт-технологиялар арасындағы байланысты эмпирикалық тұрғыдан зерделеу зерттеуіміздің теориялық және әдіснамалық негізін құрайды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында пәнаралық тұғыр негізінде педагогика, психология және өнер салаларының әдістері кешенді түрде қолданылды. Пәнаралық көзқарас педагогика, психология, әлеуметтану, мәдениеттану сияқты ғылымдардың тоғысында кешенді зерттеу жүргізуге, сондай-ақ болашақ педагогтердің кәсіби даярлығында көшбасшылық құзыреттілікті дамытуға ықпал етеді.

Арт білім беруді болашақ педагогтердің креативті және көшбасшылық қабілеттерін дамытудағы инновациялық, тұлғалық-бағдарланған тәсілдерді қолдануға жағдай жасайтын әмбебап құрал ретінде таниды (Kozhagulov A. et al., 2024). Осы тұрғыдан, өнерге негізделген әдістерді болашақ педагогтердің көшбасшылығының дамуы мен білім беру сапасын

арттырудағы маңызды тетік ретінде қарастыруға болады. Көптеген ғалымдардың еңбектерін зерделей келе арт-технологиялар студенттердің көшбасшылық құзыреттілігін құрайтын шығармашылық ойлауын; эмоционалдық интеллектісін; коммуникативтік мәдениетін; шешім қабылдау және ұйымдастырушылық және т.с.с. қабілеттерін дамытуға ықпал ететініне сенімділігімізді арттыра түсті. Талданған зерттеу жұмыстарының жалпы бағыты шығармашылық пен көшбасшылықтың өзара байланысын анықтап, педагогикалық контексте қалай жүзеге асатынын түсіндірудің ортақ ядросын құрайды. Төменде кесте бойынша жоғарыда зерттелген еңбектерден алынған тұжырымдар біздің зерттеуімізбен сәкестігін көрсетеміз. (Кесте -1)

1-кесте. ЖОО студенттердің көшбасшылық құзыретілігін дамытуда арт-технологияларды қолдану нәтижелері мен біздің зерттеуімізбен сәйкестігін салыстыру

Авторлар	**Қолданылған әдіс**	**Негізгі нәтиже**
Berlanga-Fernández et al. (2025)	Өнерге негізделген тәжірибелік оқыту	Көшбасшылық, коммуникация, шығармашылық және мәселені шешу дағдылары қарастырылды
Kozhagulov et al. (2024)	Визуалды арт	Креативтілік, шығармашылық дамыды
Liu & Zaman (2025)	Импровизация, SEM	Коммуникация, өзіндік тиімділік артты
Hsieh et al. (2025)	Топтық жобалар	Ұйымдастырушылық қабілет дамыды
Wang G. et al. (2025)	Көшбасшылық моделі	Эмоциялық тұрақтылық артты
Jiang et al. (2025)	Инклюзивті көшбасшылық	Шығармашылық орта қалыптасты
Kahila & Heikka (2024)	Көшбасшылық дискурсы	Кәсіби рефлексия дамыды
Liu et al (2024)	Креативті мәдениет	Көпфункционалды ойлау артты
Ozdogru et al. (2025)	Мета-талдау	Көшбасшылық тиімділігі дәлелденді
Hannigan et al. (2025)	Арт-білім	Креативті ойлау дамыды
Satchanawakul et al. (2025)	Arts-based оқыту	Сыни ойлау, жауапкершілік артты
Oliver-Barcelo et al. (2024)	Storytelling, өнер	Эмоциялық интеллект дамыды
Zhumasheva et al. (2022)	Геймификация және арт	Мотивация, топтық жұмыс артты
Nolan et al. (2025)	Әлеуметтік сәйкестік	Ұжымдық құндылықтар нығайды

Кестеде берілген ғылыми еңбектердегі ғалымдардың қол жеткізген нәтижелерінің біздің зерттеуімізге сәйкестіктері, ЖОО студенттерінің көшбасшылық құзыреттерін

дамытуда арт-технологияларды интеграциялау тәжірибесінің тиімділігін жан-жақты дәлелдейтінін көрсетеді. Түрлі елдерде жүргізілген эмпирикалық және теориялық зерттеу жұмыстары арт-педагогика әдістерінің бастамашылдық, ұйымдастырушылық қабілет, коммуникативтік дағды, эмоционалдық тұрақтылық, креативті ойлау және өзіндік тиімділік сияқты басты көшбасшылық компоненттерді кешенді түрде дамытуға ықпал ететінін дәлелдейді. Студенттерімен жүргізілген зерттеулер арт-технологиялардың шығармашылық әлеуетті күшейтіп, бастамашылдық пен кәсіби сенімділікті арттыратынын көрсетсе, ал педагогтермен (білім беру жүйелерінің педагогтері мен басшылыры) жасалған жұмыстар арт-технологиялардың кәсіби еркіндікке, эмоционалдық әл-ауқатқа және ұжымдық бірлік пен креативтілікке, жағымды еңбек атмосферасына оң әсерінің дәлелі бола алады. Пәнаралық және гуманитарлық өнерге негізделген оқыту үлгілері студенттердің сыни ойлауын, жауапкершілігін, әлеуметтік белсенділігін күшейтетінін айғақтайды. Жалпы алғанда, талданған барлық зерттеулер арт-технологиялардың интеграциясы көшбасшылық құзыреттілікті дамытудың әмбебап, инновациялық және ғылыми негізделген тәсіл екенін растайды.

Төменде отандық және шетелдік тәжірибелер көрсеткендей ЖОО студенттерінің көшбасшылық құзыретілігін дамытуда арт-технологияларды тиімді әрі инновациялық педагогикалық құрал ретінде пайдаланудың ғылыми негіздемесі.

2-кесте. Көшбасшылық құзыреттіліктің компоненттері және арт технологиялардың әсері

№	Компоненттер	Арт-технология	Әсері
1	Бастамашылдық	Рөлдік ойын, драма	Мотивация, белсенділік іс-әрекет артады
2	Ұйымдастырушылық	Арт-жоба	Топты басқару дамиды
3	Коммуникация	Сторителлинг	Қарым-қатынас, тілдесу дағдылары дамиды
4	Шешім қабылдау	Драмалық модельдеу	Аналитикалық ойлау дамиды
5	Эмоциялық тұрақтылық	Арт-терапия	Эмоция реттеледі

Жалпы алғанда, зерттеуіміздің нәтижелері заманауи ғылыми тұжырымдармен сәйкес келеді және арт-технологиялар болашақ педагогтердің көшбасшылық құзыреттілігін дамытудың маңызды әдісі екендігін дәлелдейді. Студенттердің өзіндік көзқарасын білдіру, шығармашылық ойлау, командада жұмыс жасау және шешім қабылдау дағдыларын дамыту көшбасшылықтың практикалық аспектілерін меңгерудің басты көрсеткіштері болып табылады.

Біздің зерттеуіміз бір топтық эксперименттік зерттеу жұмысы болып есептеледі. Анығырақ айтатын болсақ преэксперименттік зерттеу үлгісі, мұнда зерттеу нысаны болып, тек эксперименттік топ алынды, ал бақылау тобы қарастырылмады. Мұндай зерттеу белгілі бір педагогикалық ықпалдың (әдіс, технология, бағдарлама) нәтижесін тікелей топ ішінде анықтауда қолдануда тиімді.

Зерттеу жұмысы алдын-ала эксперименттік үлгіде ұйымдастырылды. Зерттеуге Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті және Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 1 курс студенттері қатысты (N=96).

Зерттеу үш кезеңнен тұрды:

Диагностикалық кезең - студенттердің көшбасшылық құзыреттілігінің бастапқы деңгейі анықталды;

Тәжірибелік кезең - оқу үдерісіне арт-технологиялар (драма, визуалды өнер, сторителлинг, театр педагогика) интеграцияланып, практикалық жұмыстар жүргізілді;

Қорытынды кезең - бастапқы және соңғы нәтижелер салыстырылды.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

- педагогикалық эксперимент;
- психодиагностикалық әдістер (Р.С. Немов, Н.П. Фетискин және т.б.);
- салыстырмалы талдау;
- статистикалық өңдеу (SPSS бағдарламасы).

Зерттеу барысында алынған сандық деректер SPSS бағдарламасы арқылы өңделді. Бастапқы (pre-test) және қорытынды (post-test) диагностика нәтижелері көшбасшылық құзыреттіліктің бес компоненті бойынша салыстырылды. Диагностикалық нәтижелер бастамашылдық, эмоциялық тұрақтылық, коммуникация, шешім қабылдаудағы сенімділік және ұйымдастырушылық қабілет компоненттеріне сәйкес жүйеленіп, әр компонент бойынша көрсеткіштердің өзгеріс динамикасы анықталды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Зерттеу нәтижелері арт-технологияларға негізделген интервенцияға дейінгі және кейінгі диагностикалық көрсеткіштерді салыстыру негізінде талданды. Pre-test және post-test нәтижелерінде көшбасшылық құзыреттіліктің зерттелген компоненттері бойынша өзгерістер байқалды. Атап айтқанда, бастамашылдық, эмоциялық тұрақтылық, коммуникация, шешім қабылдаудағы сенімділік және ұйымдастырушылық қабілет көрсеткіштері бойынша оң динамика тіркелді. Зерттеудің бір топтық pre-test/post-test дизайнына сәйкес алынған нәтижелер интервенцияға дейінгі және кейінгі көрсеткіштердің өзгерісін сипаттайды және арт-технологиялардың тікелей себептік әсерін анықтау ретінде қарастырылмайды.

Арт-технологияларды интеграциялау негізінде ұйымдастырылған интервенциядан кейін студенттердің бастамашылдығы, командада өзара әрекеттесуі және эмоциялық өзін-өзі реттеуі бойынша оң өзгерістер байқалды. Алынған нәтижелер көшбасшылық құзыреттіліктің тұлғалық, коммуникативтік және ұйымдастырушылық компоненттеріндегі өзгерістердің арт-технологиялар қолданылған оқу тәжірибесімен қатар жүргенін көрсетті. Сонымен бірге қазіргі педагогикалық және психологиялық зерттеулерде арт-технологиялардың тұлғалық және әлеуметтік дамудағы мүмкіндіктері қарастырылғанымен, болашақ педагогтерді даярлау бағдарламаларында өнерге негізделген педагогикалық тәсілдерді қолдану мәселесі әлі де өзекті болып отыр. Oliver-Barcelo, Ferrer-Ribot және Jove (2024) болашақ педагогтерді даярлауда өнерге негізделген білім берудің кәсіби және тұлғалық даму үшін маңыздылығына назар аударады. Осы тұрғыдан арт-технологияларды жоғары білім беру үдерісіне кіріктіру студенттердің шығармашылық белсенділігі, әлеуметтік өзара әрекеттестігі және кәсіби өзін-өзі танытуымен байланысты педагогикалық мүмкіндіктерді кеңейтеді.

Kozhagulov et al., (2024) арт технология негізіндегі тәжірибелер олардың топ ішінде беделін, өзін-өзі көрсетуін табиғи жолмен дамытуға жағдай жасайтынын алға тартады. Мұндай үдеріс болашақ кәсіби қызметте басқару қабілеттерін механикалық түрде емес, тұлғалық даралыққа сүйене отырып қолдануына негіз болады. Осылайша, автор арт-технологияларды интеграциялау көшбасшылық құзыреттілікті дамытудың формальді емес, тиімді жолын ұсынады. Оқытудағы артқа негізделген жаңа технологиялар дәстүрлі білім беру моделінен гөрі студенттің тұлғалық траекториясына көбірек бағдарланады

және көшбасшылықты кәсіби міндет қана емес, өмірлік құндылық ретінде қарастыруға үйретеді деп тұжырымдайды. Осыған сәйкес, А. Кожагулов пен әріптестерінің идеясынан ЖОО-дағы оқу бағдарламаларына арт-технологияларды (фроттаж, граттаж, дудлинг, зентангл, шаблонография, стилизация, монотипия, кляксография, пуантелизм, ниткография, платинография, изонить және т.б.) интеграциялау студенттердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған тиімді әдіс болып табылатынын көреміз.

Зерттеу нәтижелерін талдау барысында көшбасшылықтың әртүрлі контекстердегі ықпал ету механизмдері ұқсас құрылымдық сипатқа ие екені байқалады. Мысалы, Yonghua Liu, Yangchun Fang және т.б. (2025) ұйымдық ортада инклюзивті көшбасшылықтың қызметкерлердің әл-ауқатын арттырудағы рөлін зерделей келе, жетекшінің дамытушылық кері байланысы өзара байланысты күшейтетін модераторлық фактор ретінде әрекет ететінін анықтаған. Яғни, көшбасшы тарапынан берілетін сапалы, даму-бағдарлы кері байланыс қызметкерлердің жігерлілік сезімін арттырып, олардың жұмыс орнындағы психологиялық әл-ауқатын нығайтады.

Осыған ұқсас динамика мектепке дейінгі ұйымдар деңгейінде де байқалған. Атап айтқанда, Zhumasheva T., Alimbekova A., және т.б. (2022) зерттеуінде тәрбиешілердің көшбасшылығы балалардың жігерлілік деңгейіне медиаторлық ықпал ететін маңызды ішкі тетік ретінде айқындалған. Алынған нәтижелер балалардың белсенділігі мен эмоционалдық жігерін қалыптастыруда педагог көшбасшысының тікелей әсері бар екенін көрсетеді. Осылайша, екі зерттеудің салыстырмалы талдауы көшбасшылықтың әлеуметтік-психологиялық үдерістерді реттеудегі төмендегідей әмбебап маңызын көрсетеді:

- ересектер ортасында (Liu және т.б., 2025) жетекшінің дамытушылық кері байланысы әсерді күшейтетін модератор қызметін атқарса,

- педагогикалық ортада (Zhumasheva & Alimbekova, 2022) тәрбиеші көшбасшылығы мінез-құлықтық және эмоционалдық нәтижелерге тікелей медиаторлық ықпал ететін фактор ретінде көрінеді.

Демек, ЖОО студенттерінің көшбасшылық құзыреттілігін арт-технологиялар арқылы дамыту үдерісінде кері байланыс сапасы, эмоциялық қолдау және жетекші тұлғаның белсенді қатысуы нәтижелердің тиімділігін айқындайтын негізгі шарттар болып табылады.

Педагог көшбасшылығын түсіндіруде әлеуметтік сәйкестік тұғыры маңызды орын алады. Осы туралы Nolan, O'Donovan, & Lafferty, (2025) көшбасшылықты жеке тұлғаның дара қасиеттерімен ғана емес, кәсіби қауымдастықтағы ортақ құндылықтар мен әлеуметтік рөлдер арқылы қарастыруға мүмкіндік беретінін жазды. Зерттеулер кері байланыс сапасы, эмоциялық қолдау және жетекші тұлғаның белсенді қатысуы көшбасшылықты дамытуға бағытталған білім беру ортасын ұйымдастыруда ескерілуі мүмкін маңызды педагогикалық факторлар екенін көрсетеді (Hannigan S., Hradsky D., Bellingham R., Raphael J., White P.J., 2024). Біздің зерттеуімізде алынған арт технологиялар студенттердің бір-бірімен және ұжыммен қарым-қатынас мәдениетін дамытуға негізделеді. Осы идеяларды нақтылай түсуде Hannigan және әріптестері (2025) зерттеу жұмысында АРТ-қа негізделген білім беру тұғырларын климат өзгерісін түсіндіру мен болашаққа көзқарасты қалыптастыруда маңызды құрал екендігін дәлелдейді. Арт-қа негізделген әдістер әдеттегі білім беру тұғырларынан ерекшелене отырып, шығармашылық пен эмоциялық байланысты арттырып, білім алушылар мен педагогтің экологиялық танымын кеңейтеді (Satchanawakul N., Liangruenrom N., 2025). Авторлар болашақ көшбасшы-педагогтің негізгі құзыреті ретінде шығармашылық тұрғыдан жаңаша ықпал ету үлгісін көркем ойлау, болжау, креативті шешім қабылдау қабілеттерді қарастырады. Аталған тұжырымдар біздің зерттеуімізде байқалған өзгерістермен мазмұндық тұрғыдан сабақтасады.

Интервенциядан кейін студенттердің бастамашылдық, коммуникация, шешім қабылдаудағы сенімділік, эмоциялық тұрақтылық және ұйымдастырушылық қабілет көрсеткіштері бойынша оң динамика байқалды. Зерттеуде алынған нәтижелерді

алдыңғы ғылыми еңбектермен салыстыру арт-технологиялар қолданылған білім беру ортасы мен көшбасшылық құзыреттіліктің жекелеген компоненттеріндегі оң өзгерістер арасында мазмұндық сәйкестік бар екенін көрсетті. Атап айтқанда, зерттеуде байқалған бастамашылдық, коммуникация, эмоциялық тұрақтылық, шешім қабылдаудағы сенімділік және ұйымдастырушылық қабілет көрсеткіштерінің оң динамикасы алдыңғы зерттеулерде сипатталған шығармашылық белсенділік, тұлғааралық өзара әрекеттестік, өзіндік тиімділік және эмоциялық реттелу үдерістерімен сабақтасады. Алынған нәтижелер арт-технологияларды студенттердің көшбасшылық құзыреттілігін дамытуға бағытталған білім беру тәжірибесінде қолданудың педагогикалық мүмкіндіктерін көрсетеді. Сонымен бірге зерттеудің бір топтық pre-test/post-test дизайны және бақылау тобының болмауы анықталған өзгерістерді арт-технологиялардың тікелей себептік әсері ретінде түсіндіруге мүмкіндік бермейді. Сондықтан нәтижелер арт-технологиялар қолданылған интервенциядан кейін тіркелген оң динамика ретінде интерпретацияланады.

Эксперименттің басты мақсатына орай ғалымдар Berlanga-Fernandez және т.б. (2025) өнерге негізделген білім беру тәжірибесінің студенттердің көшбасшылық және коммуникациялық дағдыларын дамытудағы мүмкіндіктерін зерттеген. Авторлар өнер туындыларын білім беру құралы ретінде қолдануға негізделген тәжірибелік оқыту барысында көшбасшылықпен қатар сыни ойлау, шығармашылық, төзімділік және мәселені шешу дағдыларының көрініс табуын қарастырған. Зерттеу нәтижелері өнермен тәжірибелік өзара әрекеттесу білім алушылардың тұлғалық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған білім беру ортасын ұйымдастырудың маңызды педагогикалық ресурсы бола алатынын көрсетеді. Аталған тұжырымдар арт-технологияларды студенттердің көшбасшылық құзыреттілігін дамыту үдерісіне интеграциялаудың ғылыми-педагогикалық негіздерін толықтырады.

3-кесте. Арт-технологиялар түрлері және олардың студенттердің көшбасшылық құзыреттілігін дамыту компоненттеріне ықпалы

№	Қолданылған арт-технология	Дамытатын көшбасшылық компоненттер	Ғылыми сипаттамасы
1	Бейнелеу өнері (сурет, кескіндеме, композиция)	Инициативтілік, эмоционалдық тұрақтылық	Көркем образ құру, жеке авторлық шешім қабылдау студенттің бастамашылдығын арттырады; шығармашылық әрекет эмоционалдық реттелуді күшейтеді.
2	Графика және графикалық дизайн	Шешім қабылдау, коммуникация	Композициялық құрылым, визуалды логика мен таңдау жасау үдерісі шешім қабылдау әлеуетін дамытады;
3	Визуалды сторителлинг (комикс, иллюстрация, постер)	Коммуникативтілік, ұйымдастырушылық	Оқиға желісін құру, кейіпкер әрекетін жоспарлау – топта идеяны үйлестіруге, өз ойын анық жеткізуге үйретеді. визуалды коммуникация мәдениет қалыптастырады

№	Қолданылған арт-технология	Дамытатын көшбасшылық компоненттер	Ғылыми сипаттамасы
4	Рөлдік ойындар	Коммуникативтілік, эмоционалдық тұрақтылық, ұйымдастырушылық қабілет	Әлеуметтік рөлдерді орындау, топ ішінде әрекеттесу – тұлғааралық қарым-қатынасты, эмоцияны басқаруды және ұйымдастыру дағдыларын күшейтеді.
5	Театрландырылған көріністер	Инициативтілік, коммуникацияк, шешім қабылдау	Сахналық импровизация, рөлге ену бастамшылықты, шұғыл шешім қабылдау шеберлігін арттырады.
6	Шығармашылық жобалау (креативті тапсырмалары, топтық арт-жобалар)	Ұйымдастырушылы, шешім қабылдау, топтық көшбасшылық	Жоба циклін жоспарлау, белгісіз жағдайларда стратегия құру көшбасшылықтың негізгі басқарушылық функцияларын дамытады.

Кестеде арт-технологиялар көшбасшылық құзыреттіліктің әр компонентін дамытуда түрлі педагогикалық функция атқаратыны анықталды. Бейнелеу өнері, графика және визуалды сторителлинг студенттердің шығармашылық ойлауын, бастамашылдығын және шешім қабылдауын белсендіруге ықпал етсе, рөлдік және театрландырылған әдістер тұлғааралық коммуникацияны, эмоциялық реттелуді және командалық ұйымдастырушылық мінез-құлықты нығайтты. Ал шығармашылық жобалау технологиялары басқарушылық әрекеттерді жоспарлау, үйлестіру, жауапкершілік (не, қашан, кім, кімге) бөлу сияқты көшбасшылықтың негізгі механизмдерін тәжірибелік деңгейде қалыптастырды. Осылайша, әр арт-технология көшбасшылық құзыреттілігінің белгілі бір қырын күшейтіп, интервенцияның тұлғалық, коммуникативтік және ұйымдастырушылық аспектілерін кешенді түрде қолдағаны кестеден логикалық түрде көрінеді.

Шетелдік ғылыми педагогикалық жарияланымдарда «цифрлық сауаттылық» ұғымының әр түрлі түсіндірмелері кездеседі. С.Г. Давыдов, О.С. Логунова бойынша, цифрлық сауаттылық «цифрлық технологияларды қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажет білім мен дағдылар жиынтығы» болса, В.И. Токтарова цифрлық сауаттылықты қазіргі заман адамына тән негізгі құзырет ретінде сипаттай отырып, оны «цифрлық технологияларды қолдана отырып ақпаратты алуға, бағалауға, өңдеуге және өндіруге байланысты қойылған міндеттерді іске асыру үшін ең қолайлы цифрлық құралды таңдау, оларды қауіпсіз пайдалану, сондай-ақ басқа пайдаланушыармен тиімді қарым-қатынас жасау және цифрлық орта жағдайында коммуникативтік мәселелерді шешу қабілеті» деп анықтайды (Давыдов, 2015; Токтарова, 2021).

О.В. Дудина, Т.В. Горбунова педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығын цифрлық құзыреттіліктің құрамдас бөлігі ретінде қарастыра отырып, оны «сенімді және дұрыс ақпаратты ажыра білу, әртүрлі ақпарат көздерін пайдалану, компьютер немесе оған ұқсас құрылғыларда жұмыс істеуді және оларды цифрлық технологиялар саласында қолдану мүмкіндіктерін білуді, өзінің кәсіби қызметінде инновациялық құралдарды қолдануды; болашақ маманның компьютерлік сауаттылығының болуын, медиа контент

пен оның көздерін білуді қамтиды» деп түсіндіреді (Дудина мен Горбунова, 2022). Сондай-ақ оның ақпараттық сауаттылық, компьютерлік сауаттылық, медиасауаттылық сияқты индикаторларын белгілейді.

Б. Нильсен, Г.К. Эдеберг, К.Л. Свихус сияқты еуропалық ғалымдардың зерттеу еңбектерінде цифрлық сауаттылықтың дамыған формасы «цифрлық жетілу» терминімен түсіндіріледі. Білім беру мекемелерінде цифрлық жетілу оқыту нәтижелерін жақсарту үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) стратегиялық пайдаланудың алғышарты ретінде қызмет етеді (Нильсен, Эдеберг, Свихус, 2024).

Отандық ғалым Н.М. Стукаленко және т.б. цифрлық сауаттылықты цифрлық құзыреттіліктің құрамында қарастырып, оны заманауи педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде анықтайды (Стукаленко, 2022).

С.С. Жумашева цифрлық сауаттылықты адам іс-әрекетіндегі әлеуметтік-коммуникативті аспектілерді көрсететін «әртүрлі форматтарда және компьютердің көмегімен берілген ақпаратты түсіну және пайдалану мүмкіндігі» ретінде анықтайды (Жумашева, 2021). Сондай-ақ ғалым цифрлық сауаттылыққа қол жеткізудің критерийлері ретінде:

медиасауаттылыққа қол жеткізуді;

қажетті ақпаратты және онымен жұмыс істеу құралдарын табу дағдыларын, осы құралдарды тез игеру қабілетін (ақпараттық сауаттылық);

басқа пайдаланушылармен қарым-қатынас жасау дағдыларын (коммуникативтік құзыреттілік);

ақпаратты әр түрлі формада және форматта өндіру дағдыларын (шығармашылық құзыреттілік) белгілейді.

Қазіргі білім беру жүйесі қарқынды цифрлық трансформация жағдайында жүзеге асырылып отырғандықтан, болашақ педагог-психологтардың кәсіби даярлығына қойылатын талаптар түбегейлі өзгеруде. Бұл өзгерістер тек техникалық құралдарды меңгерумен шектелмей, цифрлық ортада кәсіби әрекет ету дағдыларын, ақпаратпен жұмыс жасаудың сыни және этикалық мәдениетін, цифрлық кеңістіктегі психологиялық тәуекелдерді басқаруды талап етеді. Осыған байланысты цифрлық сауаттылықтың теориялық мазмұнын халықаралық деңгейде қалыптасқан ғылыми тұжырымдамалар негізінде қарастыру ғылыми мақаланың теориялық мазмұндылығын арттырады.

Сонымен қатар, цифрлық сауаттылық мазмұнын теориялық тұрғыдан кеңейтуде израильдік ғалым Эшер Эшет-Алкалайдың (Эшет-Алкалай, 2004) қосқан үлесі зор. Ол цифрлық сауаттылықты алты дағдылар жүйесі ретінде қарастырады, оның ішінде фотовизуалды сауаттылық, репродуктивті сауаттылық, ақпараттық ойлау, креативтік цифрлық проблемаларды шешу және әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттер педагог-психологтардың цифрлық контентпен жұмыс жасаудағы кәсіби қажеттіліктерімен сәйкес келеді. Мысалы, репродуктивті сауаттылық – психологиялық тест материалдарын дұрыс қолдану және интерпретациялау дағдыларымен, ал визуалды контентті саралау қабілеті – эмоцияларды тану, визуалды стимулдармен жұмыс сияқты психодиагностикалық дағдылармен байланысады.

Халықаралық нормативтік және концептуалдық құрылымдардағы цифрлық сауаттылықты жүйелі зерттеу бағыттарының бірі – халықаралық ұйымдардың концептуалдық шеңберлері болып табылады. UNESCO Digital Literacy Global Framework (DLGF) цифрлық сауаттылықтың бес деңгейлі құрылымын ұсынады:

- базалық дағдылар;
- құрылғыларды қолдану;
- цифрлық қауіпсіздік;
- проблемаларды шешу;
- кәсіби цифрлық құзыреттер.

Бұл модельдің соңғы компоненті – кәсіби құзыреттер – педагог-психологтардың онлайн диагностика, цифрлық кеңес беру, психологиялық қолдау көрсету және қашықтықтан оқыту жағдайында жұмыс істеу қабілеттеріне бағытталған.

Еуропалық комиссия әзірлеген DigComp 2.2 құрылымы цифрлық құзыреттілікті ақпараттық сауаттылық, коммуникация, мазмұн жасау, қауіпсіздік және проблемаларды шешу сияқты бес негізгі домен арқылы айқындайды. DigComp моделі әмбебап болғанымен, кәсіби психологиялық бағытты ескермейді. Сондықтан ол болашақ педагог-психологтардың кәсіби міндеттерін толық қамти алмайды, бірақ базалық теориялық негіз ретінде маңызды болып табылады.

Педагогтерге арналған DigCompEdu моделі оқытушылардың кәсіби, педагогикалық және студенттердің цифрлық дағдыларын дамытуда қолданылатыны белгілі. Алайда Маттар (Маттар және т.б., 2022) және әріптестері DigCompEdu әдістемесінің психометриялық валидтілігінің толық дәлелденбегенін көрсетеді, бұл оның арнайы мамандықтар үшін шектеулі болатынын дәлелдейді.

Цифрлық құзыреттілікті бағалауға арналған басқа да шетелдік құралдар – Digital Competence Scale (Шварц және т.б., 2024), SDiCoS (Цафилку және т.б., 2022), DIGIGLO (Аларкон және т.б., 2020) – көп жағдайда студенттердің немесе жалпы педагогтердің цифрлық дағдыларын өлшеуге бағытталған. Педагог-психологтардың нақты кәсіби міндеттерін, мысалы, онлайн психодиагностика, цифрлық этика, құпиялылықты сақтау немесе цифрлық кеңес беру дағдыларын бағалауға арналған арнайы көрсеткіштер бұл құралдарда қарастырылмаған.

Жоғарыда көрсетілген халықаралық нормативтік және концептуалдық құрылымдардағы педагог-психологтардың кәсіби қызметі цифрлық технологияларды қолданудың ерекше контекстін талап етеді. Бұл ерекшелік цифрлық сауаттылықтың кәсіби бағытталған теориялық моделін қажет етеді. Оның ішінде ең алдымен цифрлық психодиагностикада психолог жүргізетін онлайн-тестілеу процестері тесттердің сенімділігі, валидтілігі, нормалануы, әдістемелік талаптардың сақталуы сияқты кәсіби критерийлерге сүйенеді (Барак және т.б., 2009). Болашақ маман цифрлық форматта қолданылатын психологиялық тесттердің дұрыстығын бағалай алуы тиіс. Екіншіден, цифрлық кеңес беру (e-counseling). Зерттеулер көрсеткендей (Ричардс және Вигано, 2013; Норкросс, 2020), онлайн кеңес беру арнайы коммуникациялық дағдыларды, этикалық нормаларды, эмпатиялық қарым-қатынасты цифрлық форматқа бейімдеуді қажет етеді. Бұл да педагог-психологтың кәсіби цифрлық сауаттылық құрылымының маңызды бөлігі. Үшіншіден, Цифрлық қауіпсіздік және дербес деректерді қорғау, бұл педагог-психологтың жұмысы клиенттің құпия ақпаратын сақтауға бағытталған. Сондықтан GDPR, FERPA, COPPA сияқты халықаралық нормаларды білу – кәсіби цифрлық сауаттылықтың ажырамас элементі. Төртіншіден, әлеуметтік-психологиялық цифрлық құзыреттер, бұл онлайн ортадағы агрессия, кибербуллинг, фейк ақпарат, киберқауіптер (Патчин және Хиндуджа, 2015) педагог-психологтың кәсіби әрекетінде жиі кездесетін мәселелердің бірі. Сондықтан, бұл бағытта маманға әлеуметтік желі психологиясы, интернет мінез-құлық факторлары, онлайн тәуекел топтарымен жұмыс істеу механизмдерін білу қажет.

Жоғарыда талданған халықаралық модельдер педагогикалық және нормативтік тұрғыдан маңызды болғанымен, олардың ешқайсысы педагог-психологтардың кәсіби цифрлық құзыреттерін толық қамтымайды. Сондықтан авторлық әдістеме дәл осы мамандықтың ерекшеліктеріне бейімделген диагностикалық құрылым ретінде өзектілікке ие (1-кесте).

1-Кесте. Авторлық диагностикалық әдістемені теориялық негіздеу және халықаралық құралдармен салыстырмалы талдау

Әдістеме	Нысан	Артықшылық	Шектеуі	Авторлық әдістеме үшін маңызы
DigComp 2.2	Барлық азаматтар	Әмбебап құрылым	Психодиагностика қамтылмаған	Компоненттік базаны қалыптастыру
DigCompEdu	Педагогтер	Педагогикалық процесті өлшейді	Кеңес беру дағдылары жоқ	Педагогикалық бөлігін толықтырады
DCS	Студенттер	Қысқа формат	Өзін-өзі бағалау, кәсіби емес	Критерийлерді нақтылауға ықпал етеді
SDiCoS	Студенттік цифрлық дағдылар	Тестілеу құрылымы анық	Психологқа арналмаған	Студенттік контекстке салыстыру
DIGIGLO	Педагогтар	Валидтілік зерттелген	Тар кәсіби саланы қамтымайды	Құзырет құрылымын айқындауға көмектеседі

Авторлық әдістеменің теориялық артықшылығы:

– Психологиялық кеңес беру және диагностикаға арналған арнайы индикаторлар енгізілген.

– Цифрлық этика, онлайн коммуникация, цифрлық мәдениет компоненттері кәсіби талаптарға бейімделген.

– Тест тапсырмалары, практикалық жұмыстар және кейс-жағдаяттар психологиялық қызметтің нақты жағдайларына негізделген.

– Халықаралық модельдермен салыстыру әдістеменің мазмұндық валидтілігін күшейтеді.

Әлемдік ғылыми зерттеулерді талдау нәтижесі цифрлық сауаттылықтың күрделі, көп құрамды кәсіби құзырет екенін көрсетті. Педагог-психологтардың кәсіби психологиялық, диагностикалық және кеңес беру қызметінің ерекшеліктері цифрлық сауаттылықты жалпы модельдермен емес, арнайы бейімделген әдістемелермен диагностикалауды талап етеді. Осыған байланысты авторлық әдістеменің ғылыми негізі халықаралық теориялармен толық сәйкес келеді және оның кәсіби-практикалық құндылығын арттырады.

Зерттеу әдістері

Ғылыми мақаланы жазу барысында «цифрлық сауаттылық» ұғымына қатысты философиялық, педагогикалық, психологиялық ғылыми әдебиеттер мен халықаралық ғылыми мақалалар деректер қорына (Web of Science, Google Scholar, т.б.) енген мақалалардың мазмұнын талдау (контент талдау), отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдамалық ойларын салыстырмалы талдау, алынған теориялық мәліметтерді жүйелеу мен жинақтау сияқты теориялық әдістер қолданылды.

Мақала мазмұнының ресми құжаттар негізіндегі өзектілігін негіздеуде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы мен маңызды жиындарда сөйлеген

сөздерінен үзінділер келтіріп, ҚР Білім және ғылым министрінің «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығының мазмұны зерделенді.

Авторлық диагностикалық әдістеме мазмұнын әзірлеуде эмпирикалық әдістер тобына жататын тест, тәжірибелік тапсырма орындау, кейс анализ әдістері негізге алынды.

Нәтижелер және талқылау

«Цифрлық сауаттылық» ұғымына қатысты ғылыми еңбектерді талдаудың нәтижесінде, педагог-психологтың цифрлық сауаттылығы диагностика және кеңес беру үшін цифрлық құралдарды меңгеру, білім беру платформалары мен онлайн ресурстарды тиімді пайдалану мүмкіндігі, цифрлық мазмұнды сыни тұрғыдан талдау, дербес деректермен жұмыс жасауда цифрлық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді қамтитыны айқындалды. Сәйкесінше, педагог-психологтың цифрлық сауаттылығы ақпараттық-танымдық, технологиялық, психологиялық және педагогикалық, әлеуметтік-коммуникативтік, этика және құқықтық компоненттерден тұрады (1-сурет).



1-Сурет. Педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығының компоненттері

Белгіленген компоненттердің негізінде болашақ педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығын өлшеудің келесідей деңгейлерін ұсынамыз:

1. Базалық деңгей – цифрлық технологиялармен жұмыс істеудің базалық дағдыларын меңгеру (кеңсе бағдарламалары, интернет-ресурстар, базалық онлайн-курстар, т.б.).
2. Кәсіби деңгей – педагогикалық-психологиялық диагностика мен кеңес берудің нақты құралдарын меңгеру (вебинар жүргізу, цифрлық модельдеу, арнайы мамандандырылған педагогикалық-психологиялық бағдарламалық жасақтамалар, т.б.)
3. Сарапшы деңгейі – педагогикалық-психологиялық тәжірибеде жасанды интеллект, виртуалды шындықты қолдану және деректерді талдау.

Бүгінгі таңда цифрлық сауаттылықты диагностикалаудың сан түрлі әдістемелері әзірленген. Цифрлық құзыреттіліктерді немесе цифрлық сауаттылықты диагностикалауда кең таралған әдістемелердің бірі ретінде DigComp (Digital Competence Framework) тесті танылған. Еуропалық азаматтардың цифрлық дағдыларын бағалау және дамыту комиссиясы әзірлеген цифрлық құзыреттердің еуропалық моделінің бірінші нұсқасы 2013 жылы пайда болып, соңғы – DigComp 2.2 нұсқасы 2022 жылы енгізілді. DigComp тесті қызметтің әртүрлі салалары үшін негізгі цифрлық құзыреттерді анықтауға арналғанымен, педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығын диагностикалауға бейімделмеген.

DigComp тестінің педагогтерге арналған нұсқасы DigCompEdu деп аталады, бұл тест педагогтердің цифрлық құзыреттілігінің еуропалық құрылымы болып табылады. DigCompEdu мақсаты оқытушылардың цифрлық құзыреттілігінің қолданыстағы құралдарын талдау және оларды білім берудің барлық деңгейлеріндегі педагогтарға өздерінің педагогикалық цифрлық құзыреттіліктерін жан-жақты бағалауға және дамытуға мүмкіндік беретін тұтас модельге синтездеу болып табылады (Мұғалімдерге арналған цифрлық құзыреттіліктердің еуропалық шеңбері). DigCompEdu тестінің құрылымы оқытушының кәсіби құзыреттілігі, оқытушының педагогикалық құзыреттілігі, оқушы құзыреттілігінен тұрады (2-сурет). Тест сұрақтары әрбір құрылымға сәйкес құрастырылған. Бұл әдістеме жалпы педагогтардың цифрлық құзыреттілігін анықтауға мүмкіндік бергенімен, жекелеген педагог-психолог мамандарының цифрлық құзыреттіліктерінің деңгейін бағалауда объективті нәтиже бермеуі мүмкін. Бұл ойымызды аталған әдістеме негізінде зерттеу жүргізе отырып, диагностикалық құралдың валидтілігінің толықтай бекітілмегені жөнінде қорытынды жасаған Маттар және т.б. ғалымдардың зерттеуі нақтылайды.

Г.К. Тлеужанова, Г.Б. Саржанова, Д.Н. Асанова, Г.Ж. Смагулова сияқты отандық ғалымдар педагогтардың цифрлық құзыреттіліктерін DigCompEdu диагностикалық әдістемесінің моделі аясында қалыптастыру үшін қажетті компоненттерді келесідей жіктейді:

1) цифрлық технологиялардың принциптері мен мүмкіндіктерін түсіну: педагогте әртүрлі цифрлық құралдардың қалай жұмыс істейтіні және оларды оқыту үшін қалай пайдалануға болатыны туралы түсінік болуы керек;

2) қажетті ресурстарға қол жеткізу: оқытуда цифрлық технологияларды пайдалану үшін тиісті ресурстар мен инфрақұрылымға қол жеткізу қажет;

3) оқыту және қолдау: педагогтерді цифрлық технологияны оқытуда тиімді пайдалану үшін оқыту қажет. Сонымен қатар, олар туындаған мәселелерді шешіп, сұрақтарына жауап алу үшін қолдау қажет;

4) сенімділік пен мотивацияны дамыту: оқытушылар цифрлық технологияларды оқытуда қолдану үшін өз білімдері мен дағдыларына сенімді болуы керек. Олар оқу процесін жақсарту және оқу мақсаттарына жету үшін осы технологияларды қолдануға ынталандырылуы керек;

5) тәжірибе: оқытуда цифрлық технологияны қолдану тәжірибені қажет ететіндіктен, педагогтер олардың қалай жұмыс істейтінін және оларды оқытуда қалай қолдануға болатынын түсіну үшін әртүрлі цифрлық құралдарды қолданып, сынақтан өткізуі керек;

6) рефлексия: мұғалімдер ненің жақсы жұмыс істейтінін және нені жақсартуға болатынын түсіну үшін практикалық іс-әрекеттерінің нәтижелерін үнемі талдап отыруы керек. Олар өз тәжірибелерін талдай білуі және цифрлық ортада жұмысын жақсарту жолдарын іздеуі керек (Тлеужанова және басқалар, 2023).

2-Сурет. DigCompEdu диагностикалық әдістемесінің құрылымы

С. Шварц және т.б. скандинавиялық ғалымдар өз зерттеулерінде цифрлық құзыреттіліктерді өздігінен бағалауға арналған «Цифрлық құзыреттілік шкаласын (DCS – Digital Competence Scale)» ұсынады. DigComp тестінің австриялық нұсқасына негізделген бұл диагностикалық құрал бағалау және оқу мақсаттарын қоюда қолдануға арналған 12 пункт, 32 мәлімдемені қамтиды. Әдістеме жауаптары «Мен ... жасай аламын» форматында құрастырылған (Шварц және басқалар, 2024). Қандай да бір қиын нұсқаулықсыз, қарапайым азаматтарға жеңіл түсінікті болуы үшін әзірленген әдістеме жақсы нәтижеге қол жеткізгенімен, бұл да өзге де диагностикалық әдістемелер сияқты тікелей педагог-психологтың цифрлық сауаттылығын немесе цифрлық құзыреттілігін диагностикалауға келмейді.

Жоғарыда аталған диагностикалық әдістемелердің қатарын К. Цафилку және т.б. ғалымдар әзірлеген «SDiCoS – Студенттердің цифрлық құзыреттілік шкаласы», Р. Аларко және т.б. ғалымдардың «Педагогтардың цифрлық құзыреттіліктерін бағалау шкаласы», Клиффорд және т.б. ұсынған DigCompSAT (Клиффорд, 2020) сияқты көптеген диагностикалық әдістемелермен толықтыра беруімізге болады. Дегенмен, аталған әдістемелердің ешқайсысы педагог-психолог мамандарының немесе болашақ педагог-психологтардың цифрлық құзыреттіліктері мен сауаттылықтарының деңгейін өлшеуге арналмаған.

Осыдан, педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығы мен құзыреттіліктерін бағалаудың нақты диагностикалық әдістемесінің қажеттілігі туындап, біз диагностикалық әдістеменің кешенді формасын әзірлеуді жөн көрдік.

Болашақ педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығын диагностикалау үшін цифрлық білім деңгейін тестілеуді, практикалық дағдыларды талдауды және цифрлық мәдениет деңгейін анықтауды қамтитын кешенді диагностикалық әдістер қолданылуы қажет.

«Болашақ педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығын диагностикалаудың кешенді әдістемесінің» мақсаты – студент-педагог-психологтардың цифрлық сауаттылық деңгейін бағалау, күшті және әлсіз тұстарын анықтау, сондай-ақ кәсіби дамудың жеке траекторияларын белгілеу.

Диагностикалық әдістеме құрылымы, педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығының компоненттеріне қарай, үш әдісті қамтиды:

1. Тестілеу – студенттердің педагогикалық психологиядағы цифрлық технологиялар туралы білімі мен түсінігін бағалау;
2. Тәжірибелік тапсырмалар – цифрлық құралдарды қолдану арқылы тапсырмаларды орындауын бағалау;
3. Кейс анализ – педагогикалық-психологиялық жағдаяттарды цифрлық құралдардың көмегімен шешу;

Кешенді диагностикалық әдістеменің алғашқы әдісі – болашақ педагог-психологтардың цифрлық сауаттылық деңгейін анықтауға арналған тест. Тест когнитивтік, операционды, коммуникативтік, этикалық блоктарға жіктелген 20 сұрақты қамтиды. Жауаптарды ашық және жабық форматта ұсынуға болады.

1-блок: когнитивтік блок – цифрлық технологиялар туралы білім

1. Онлайн оқытуда жиі қолданылатын платформалар
2. «Цифрлы педагогика» ұғымы нені білдіреді?
3. Мәтіндік құжаттарды сақтау үшін қандай деректер форматы жиі қолданылады?
4. Толықтырылған шындық (AR) және виртуалды шындық (VR) арасындағы айырмашылық неде?
5. Үлкен деректерді өңдеумен байланысты ұғымдарды атаңыз.

2-блок: операциялық блок – цифрлық құралдармен жұмыс жасау дағдылары

6. Интернеттегі ақпараттың сенімділігін қалай тексеруге болады?
7. Онлайн психодиагностикада қандай цифрлық құралдар тиімді?
8. Woebot Health цифрлық құралына тән ерекшеліктерді атаңыз.
9. Цифрлық құралдарды қолданушы педагог-психологтың моделі қандай?
10. Психологиялық қызметті тиімді жүргізуге мүмкіндік беретін үздік қосымшаларды атаңыз.

3-блок: коммуникативтік блок – цифрлық ортадағы өзара қарым-қатынас

11. Педагог-психолог кәсіби қарым-қатынасты жүргізу үшін цифрлық платформаларды пайдалану кезінде қандай ережелерді ескеру қажет?
12. Цифрлық білім беру жағдайында педагог-психолог студенттердің бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру үшін бұлтты технологияларды пайдаланады. Мұнда қандай халықаралық шектеулер маңызды?
13. Бейнеқоңырау арқылы педагогикалық-психологиялық кеңес беруді ұйымдастыруда қандай факторларды ескеру қажет?
14. Кәсіби байланыс үшін мессенджерлерді пайдалануда қандай тәуекелдер туындауы мүмкін?
15. Педагог-психологтың жұмысы үшін цифрлық ортадағы қарым-қатынастың қандай форматы қолайлы?

4-блок: этикалық блок – цифрлық қауіпсіздік пен жауапкершілік

16. Педагогикалық-психологиялық кәсіби қызмет жүргізу үшін ашық интернет ресурстарын пайдаланудың қандай қауіп-қатері бар?
17. Педагог-психолог цифрлық ортада кәсіби контент жариялауда қандай дәстүрлі кәсіби ережелерді сақтауы тиіс?
18. Педагогикалық-психологияда цифрлық технологияларды пайдалануды қандай құқықтық нормалар реттейді?
19. Цифрлық ақпараттармен жұмыс істеу кезінде, педагог-психолог ескеруі керек, контенттегі фальсификация белгілері қандай?
20. Педагогика-психология саласындағы дербес деректермен жұмыс істеу кезінде цифрлық қауіпсіздік қатерін азайтуға қандай шаралар көмектеседі?

Тест нәтижелерін бағалауда әрбір дұрыс жауап 1 балл, дұрыс емес жауап 0 баллмен бағаланып, жалпы сомасы есептеледі. Сәйкесінше, тест әдістемесі бойынша ең жоғарғы көрсеткіш 20 балды құрайды.

Кешенді диагностикалық әдістеменің келесі бөлімі болашақ педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығын бағалауға арналған тәжірибелік тапсырмалардан тұрады. Тапсырмалар орындалу деңгейіне байланысты 1-3 балл арасында бағаланады:

3 балл – тапсырма толық орындалған, өнімнен цифрлық құралдарды қолданудың жоғары деңгейі байқалады;

2 балл – тапсырманың орындалуы қарапайым, цифрлық құралдардың мүмкіндігі толық пайдаланылмаған;

1 балл – тапсырма үстірт орындалған, цифрлық құралдар мүлде қолданылмаған.

0 балл – тапсырма орындалмаған.

Берілген тапсырмалар:

1-тапсырма*. Интерактивті білім беру материалын әзірлеу*: Canva, Prezi немесе Google Slides пайдалану арқылы психологиялық-педагогикалық тақырып бойынша интерактивті презентация жасаңыз. Анимация, гиперсілтеме, медиафайлдарды қосыңыз.

2-тапсырма. Онлайн диагностикамен жұмыс: интернеттен психодиагностикалық тест тауып, өзіңізге жүргізіңіз. Оның алгоритмін, сенімділік деңгейін және интерпретациясын талдап, түсіндіріңіз.

3-тапсырма. Фактчекинг және цифрлық ақпаратты талдау: білім берудегі цифрлық сауаттылыққа қатысты екі ғылыми мақала тауып, олардың сенімділігін, беделділігін, рецензиялануын бағалаңыз.

4-тапсырма. Виртуалды кеңес беру: педагогикалық-психологиялық мәселе бойынша Zoom/MSTeams және т.б. цифрлық құралдар арқылы онлайн кеңес беру жұмысын жүргізіңіз. Қосымшалардағы интерактивті құралдарды пайдаланыңыз.

5-тапсырма. Цифрлық кейстарды жинау: цифрлық этикаға байланысты жағдаяттарды жинап, оларды талдаңыз, шешім ұсыныңыз.

Тапсырмалар орындалу деңгейіне қарай бағаланып, жалпы сомасы есептеледі.

Кешенді диагностикалық әдістеменің келесі бөлімін жағдаяттық сұрақтарға негізделген кейс анализ әдісі құрайды. Бұл әдісті жүргізу барысында студенттер жағдайды зерттеп, мәселенің мәнін түсініп, мүмкін шешімдерді ұсынып, олардың арасындағы тиімдісін таңдау керек. Диагностикалық әдістемеде бұл әдіс болашақ педагог-психологтардың әртүрлі жағдайлардағы цифрлық құзыреттіліктерінің деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Жағдаяттар:

1-жағдаят. Оқушы мемлекеттік емтихан алдындағы қатты қобалжуын білдіріп, сізге хабарласты. Ол басқа қалада болғандықтан, сізбен жеке кездесуге келе алмайды. Тапсырмалар:

- Кеңес беруді жүргізу үшін қандай цифрлық құралды пайдаланасыз?

- Мазасыздықты өздігінен басқаруға мүмкіндік беретін қосымша қандай ресурстар ұсынасыз (медитация қосымшалары, стресске төзімділік сынақтары, т.б.) ?

- Онлайн кеңес беруде құпиялылықты қалай қамтамасыз етуге болады?

2-жағдаят. Сыныптағы бір оқушы интернеттен «Цифрлық технологиялар балалардың денсаулығына зиян» деген мақала оқып, осыған қатысты педагогтен түсіндірме жасауын сұрады. Тапсырмалар:

- Ақпараттың сенімділігін бағалау үшін қандай критерий қолданасыз?

- Қандай ғылыми онлайн дерекқорлар фактілерді тексеру құралдарын алмастыра алады (Google Scholar, PubMed, Web of Science)?

- Дәлелді түсініктемелер үшін презентацияның қандай форматын қолдану керек?

3-жағдаят. Оқушылардың біреуі мектептің мессенджердегі тобында өзінің кибербуллингке ұшырағанын жеткізді. Чаттағы анонимді қатысушылар қорлайтын хабарламалар мен мемдер жібереді. Тапсырмалар:

- Қандай цифрлық құралдар қауіп-қатерді анықтауға көмектеседі?
- Цифрлық кеңістіктегі қандай әрекеттер үшін жазаға тарту қарастырылған?
- Психологиялық қолдау үшін қандай цифрлық ресурстар (сенім телефондары мен чаттары, қолдау қызметтері) қолданылады?

4-жағдаят. Білім алушының ата-анасы академиялық белсенділіктің төмендігіне наразы және осыған байланысты оқытушылардан қосымша түсініктеме талап етеді. Ата-аналар шетелде жұмыс жасайтындықтан, жүзбе-жүз кездесу мүмкін емес. Тапсырмалар:

- Оқытушылардың академиялық жетістіктерін талқылау үшін қандай цифрлық платформаны қолдану керек?
- Қауіпсіз онлайн өзара әрекеттесуді, этика мен деректердің құпиялылығын сақтауды қалай ұйымдастыруға болады?
- Оқушының академиялық прогресін бақылауда қандай цифрлық құрал тиімді?

5-жағдаят. Ауа райына байланысты оқыту үдерісі қашықтық форматқа ауыстырылды. Жасөспірімдерге арналған кезекті іс-шараны онлайн ұйымдастыру қажет. Тапсырмалар:

- Іс-шараны онлайн жүргізу үшін қандай цифрлық платформаны таңдаймыз?
- Іс-шараның форматын цифрлық ортаға қалай бейімдейсіз?
- Оқушылардың онлайн іс-шараға толық қатысуын ынталандыру үшін қандай тәсілдер қолданасыз?

Берілген жағдаяттар болашақ педагог-психологтардың цифрлық сауаттылық деңгейін және олардың кәсіби қызметінде заманауи технологияларды қолдану қабілетін бағалауға мүмкіндік береді.

Кейс анализ әдісі келесідей критерийлер бойынша бағаланады:

- дәлелдеу және пайымдау логикасы – тиімді шешімдерді таңдау негіздемесі;
- этикалық нормаларды, киберқауіпсіздікті және құпиялылықты есепке алу;
- шығармашылық пен бейімділік – стандартты емес, тиімді цифрлық тәсілдерді қолдану;
- практикалық маңыздылығы – ұсынылған шешімнің педагогикалық практикада жүзеге асырылу мүмкіндігі.

Кейс анализ әдісін бағалау шкаласы:

5 балл – толық, негізделген, инновациялық және практикалық маңызы бар жауап.

4 балл – жауап жеткілікті болғанымен, балама цифрлық шешімдер ұсынылмайды.

3 балл – жауап ішінара дұрыс, бірақ аргументтерде, цифрлық құралдарды таңдауда олқылықтар бар.

2 балл – жеткіліксіз деңгей, цифрлық құралдарды немесе әдістерді таңдауда қателік бар.

1 балл – дәлелдер жоқ немесе таңдалған әдістер дұрыс емес.

Болашақ педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығын диагностикалаудың кешенді әдістемесі оның құрамындағы жекелеген әдістердің балдық көрсеткіштерінің жалпы сомасы негізінде бағаланады. Мұндағы, тестілеу әдісі бойынша максималды көрсеткіш 20 балды, тәжірибелік тапсырма-15 балл, кейс әдісі – 25 балл болғандықтан, кешенді диагностикалық әдістеменің жалпы сомасы 60 балды құрайды. Балдық көрсеткіш деңгейлер бойынша келесідей жіктеледі:

45-60 балл – болашақ педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығының жоғары деңгейі: студент цифрлық құралдарды болашақ кәсіби қызметінде еркін қолдана алады, әртүрлі цифрлық құралдарды педагогикалық-психологиялық мәселеге қарай бейімдей алады.

30-44 балл – болашақ педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығының орта деңгейі: студент болашақ кәсіби қызметінде қолдануға болатын цифрлық құралдарды біледі, бірақ олардың кәсіби міндеттерді шешуде тиімді таңдай алмайды. Сәйкесінше, болашақ педагог-психологтың цифрлық сауаттылығын дамыту бойынша әдістеме жүргізуді қажет етеді.

0-29 балл – болашақ педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығының төмен деңгейі: студент қарапайым, жалпыға ортақ цифрлық құралдарды білгенімен, кәсіби қызметінде қолдануға болатын құралдардан хабары жоқ. Педагогикалық-психологиялық қызметте қолданылатын цифрлық құралдар туралы, сондай-ақ цифрлық сауаттылықты дамыту бойынша әдістеме жүргізуді қажет етеді.

Осылайша, болашақ педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығын диагностикалаудың кешенді әдістемесі студенттердің цифрлық сауаттылығының деңгейін анықтап қана қоймай, оларды әрі қарай дамыту бойынша жеке білім беру траекторияларын айқындауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Заманауи білім беру жүйесі қарқынды цифрлық трансформация жағдайында жүзеге асырылып отыр. Сәйкесінше, цифрлық сауаттылықты дамыту кәсіби тәжірибенің құрамдас бөлігіне айналды. Цифрлық сауаттылық заманауи білім беру ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, кеңес беру, диагностика, түзету сияқты қызметтерді қашықтықтан тиімді жүргізуге, сондай-ақ педагогикалық-психологиялық қолдау үдерісінде технологияларды әзірлеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беруімен педагог-психологтар үшін өте маңызды. Дегенмен, ғылыми негізделген диагностикалық құралдарсыз цифрлық сауаттылық деңгейін бағалау қиын. Сондықтан болашақ педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығын диагностикалаудың жаңа әдістемесін әзірлеу өте өзекті.

Біріншіден, әдістеме цифрлық құзыреттіліктерді объективті бағалауды қамтамасыз етеді. Диагностикалық құралдың көпшілігі педагогикалық-психологиялық практикада технологияларды қолдану үшін білім, дағдыларды және кешенді талдау мүмкіндіктерін қамтымай, цифрлық сауаттылықтың аспектілерін ғана ескереді. Жаңа диагностикалық құрал студенттерді даярлаудың күшті және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Екіншіден, диагностикалық әдістеме цифрлық технологияларды тәжірибелік қолдану деңгейін анықтауға бағытталған. Қазіргі заманғы педагог-психологтар негізгі цифрлық дағдыларды меңгеріп қана қоймай, оларды кәсіби қызметінің ерекшеліктеріне бейімдей білуі керек. Әзірленген диагностикалық әдістеме болашақ мамандардың педагогикалық-психологиялық диагностика, кеңес беру, қалыптастыру үдерісін ұйымдастыру және білім алушылармен өзара іс-қимыл жасау үшін цифрлық құралдарды қаншалықты тиімді пайдалана алатынын анықтауға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, жаңа диагностикалық әдістеме болашақ мамандардың кәсіби қабілеттерін болжауға ықпал етеді. Цифрлық сауаттылықты диагностикалау түлектердің цифрлық білім беру ортасында жұмыс жасауға дайындығының деңгейін анықтауға, оларды дайындау үшін қосымша шараларды ұйымдастыруда өте маңызды.

Осылайша, болашақ педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығын диагностикалаудың жаңа әдістемесін әзірлеу және енгізу теориялық қана емес, практикалық маңызға да ие. Бұл цифрлық сауаттылық деңгейін объективті бағалауға, дамыту траекториясын анықтауға және білім беру деңгейінде тиімді жұмыс істей алатын мамандарды даярлаудағы кешенділік пен тұтастық тұғырын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қорыта айтқанда, болашақ педагог-психологтардың цифрлық сауаттылығын диагностикалау – олардың кәсіби даярлығының сапасын арттыруға бағытталған өзекті міндеттердің бірі. Зерттеу нәтижесінде цифрлық сауаттылықтың негізгі құрамдас бөліктері

айқындалып, оларды бағалауға арналған әдістемелік тәсілдер ұсынылды. Диагностика нәтижелері білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне сай цифрлық құзыреттерін дамытуды жоспарлауға, сондай-ақ оқу үдерісін заманауи талаптарға бейімдеуге мүмкіндік береді. Болашақта бұл бағыттағы зерттеулерді кеңейту және диагностикалық құралдарды жетілдіру арқылы педагогикалық білім беруді одан әрі цифрландыруға үлес қосуға болады.

Авторлардың қосқан үлесі:

Әбдіжәділ Е.А. – жұмыс тұжырымдамасын құру, мақала мазмұнына қажетті ғылыми материалдарды жинау, талдау, түсіндіру; мақала мәтінін жазу және оны сыни тұрғыдан қайта қарау, деректердің дұрыстығына немесе мақала бөліктерінің тұтастығына қатысты мәселелерді дұрыс зерттеу.

Молдасан Қ.Ш. – ғылыми жетекші ретінде жариялауға арналған мақаланың соңғы нұсқасын бекіту.

Шакирова А.Д. – әдебиет көздерін іздестіріп, әр бөлімін жүйеледі.

Нурбекова С.М. – мақаланың ғылыми мазмұнын жетілдіруге үлес қосты

Әдебиеттер тізімі

Давыдов, С.Г., Логунова, О.С. (2015) Проект «Индекс цифровой грамотности»: методические эксперименты // Социология: методология, методы, математическое моделирование (4М), №41. – с. 120–141.

Дудина, О.В., Горбунова, Т.В. (2022) Цифровая грамотность будущих педагогов-психологов // Современные проблемы науки и образования, №5. DOI: https://doi.org/10.17513/spno.32040

Европейская рамка цифровых компетенции педагога. Қолжетімді: https://skillsproof.kz/restful/v1/domain/registry/documents/539135/ (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 13 наурыз)

Жумашева, С.С. (2021) Цифровая грамотность как одна из ключевых компетенций современного педагога // Вестник науки и образования, № 9(112). – Ч. 3. – С. 73–77. DOI: 10.24411/2312-8089-2021-10911

ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» №338 бұйрығы. Қолжетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750_ (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 13 наурыз)

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2024 жыл 2 қыркүйек. Қолжетімді: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 13 наурыз)

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі, 28.01.2025. Қолжетімді: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ukimettin-keneytilgen-otyrysynda-soylegen-sozi-2801820 (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 13 наурыз)

Стукаленко, Н.М., Просандеева, И.А. (2022) Применение цифровых технологий в целях формирования профессиональных компетенций педагогов-психологов // Цифровая гуманитаристика и технологии в образовании (DHTE 2022). – М.: Издательство ФГБОУ ВО МГППУ, 163–173 с. Қолжетімді: https://psyjournals.ru/nonserialpublications/dhte2022/contents/dhte2022_Stukalenko_Prosandeeva.pdf (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 13 наурыз)

Тлеужанова, Г.К., Саржанова, Г.Б., Асанова, Д.Н., Смагулова, Г.Ж. (2023) Педагогические условия формирования цифровых компетенций педагога в условиях трансформации образования // Вестник Карагандинского университета. Серия «Педагогика». № 1(109)/2023. С. 176–182. DOI: https://doi.org/10.31489/2023ped1/176-182

Токтарова, В.И., Ребко, О.В. (2021) Цифровая грамотность: понятие, компоненты и оценка // Вестний Марийского государственного университета, №2 (42). Қолжетімді: https://cyberleninka.ru/article/n/tsifrovaya-gramotnost-ponyatie-komponenty-i-otsenka (қол жеткізілген күні: 2025 жылғы 13 наурыз)

Шариков, А.В. (2015) Теоретические подходы к определению понятия цифровой грамотности // Всероссийская научно-практическая конференция «Интернет и социокультурные трансформации», С. 96–112.

Gilster, P. (1997). Digital literacy. New York, NY: John Wiley & Sons. – 276 p.

Alarcon, R., Jiménez, E. P., & Vicente-Yagüe, M. I. (2020). Development and validation of the DIGIGLO, a tool for assessing the digital competence of educators. British Journal of Educational Technology, 51(6), 2407–2421. DOI: https://doi.org/10.1111/bjet.12919

Bettina Nielsen, Egeberg, G. C., & Svihus, C. L. (2024). Digital Maturity in Education: The Implementation of Digital Tablets. Nordic Journal of Digital Literacy, 19(4), 195–206. DOI: https://doi.org/10.18261/njdl.19.4.2

Clifford, I., Kluzer, S., Troia, S., Jakobsone, M., & Zandbergs, U. (2020). DigCompSat. Vuorikari, R., Punie, Y., Castaño Muñoz, J., Centeno Mediavilla, I.C., O'Keeffe, W., & Cabrera Giraldez, M. (Eds.). Publications Office of the European Union, Luxembourg. DOI: https://doi.org/10.2760/77437

Esher Eshet-Alkalai (2004). Digital literacy: A conceptual framework for survival skills in the digital era // Journal of Educational Multimedia and Hypermedia. - 2004. - Vol. 13, № 1. - P. 93–106.

Mattar, J., Ramos, D. K., & Lucas, M. R. (2022). Digcomp-based digital competence assessment tools: Literature review and instrument analysis. Education and Information Technologies, 27, 10843–10867. https://doi.org/10.1007/s10639-022-11034-3

Schwarz, S., Bieg, T., Svecnik, E., Schmölz, A., Geppert, C., & Gerdenitsch, C. (2024). Digital Competence Scale (DCS): A Short Self-Assessment Instrument for Measuring Digital Competences. Nordic Journal of Digital Literacy, 19(3), 126–143. DOI: https://doi.org/10.18261/njdl.19.3.2

Barak, A., Hen, L., Boniel-Nissim, M., & Shapira, N. (2009). An empirical examination of an online assessment system. Computers in Human Behavior, 25(6), 1383–1395. DOI: 10.1017/CBO9780511813740.007

Richards, D., & Viganò, N. (2013). Online counseling: A narrative and critical literature review. Journal of Clinical Psychology, 69(9), 994–1007. DOI: https://doi.org/10.1002/jclp.21974

Norcross, J. C. (2020). Psychotherapy in the digital age: Technological developments and clinical implications. American Psychologist, 75(3), 349–364. DOI: https://doi.org/10.1037/amp0000623

Patchin, J. W., & Hinduja, S. (2015). Cyberbullying: Identification, prevention, and response. New York, NY: Routledge.

Tzafilkou, K., Perifanou, M., & Economides, A.A. (2022). Development and validation of student's digital competence scale (SdiCoS). International Journal of Educational Technology in Higher Education, 19, 30. https://doi.org/10.1186/s41239-022-00330-0

Е.А. Абдижадил*[1], К.Ш. Молдасан[2], А.Д. Шакирова[3], С.М. Нурбекова[4]
[1,2,3]Казахский национальный университет имени аль-Фараби
[4]Казахский национальный женский педагогический университет

Методика диагностики цифровой грамотности будущих педагогов-психологов

Аннотация. В современном образовательном пространстве цифровизация стала неотъемлемой частью профессиональной практики. Цифровая грамотность является важным компонентом профессиональной подготовки будущих педагогов-психологов, обеспечивающим доступ к современным образовательным ресурсам, эффективному осуществлению дистанционного консультирования, организации диагностической, коррекционной, реабилитационной работы с помощью цифровых средств, а также интеграции инновационных технологий в процесс психолого-педагогического сопровождения. В статье определено значение цифровой грамотности будущих педагогов-психологов на основе научно-педагогических и психологических концепций. Обосновано, что широко применяемые в международной практике диагностические методики цифровой грамотности не могут выявить конкретных результатов в диагностике цифровой грамотности педагогов-психологов. В связи с этим предложена авторская методика диагностики цифровой грамотности именно педагогов-психологов. Диагностическая методика основана на многоуровневом анализе знаний, умений и профессиональных навыков, включающем тестирование, ситуационные задания и практические задания, отражающие конкретные условия профессиональной психолого-педагогической деятельности. Особое внимание уделяется оценке способности применять цифровые технологии в психолого-педагогическом сопровождении, дистанционном консультировании и образовательной деятельности. Методика позволяет адаптировать образовательный процесс и определить траекторию целенаправленного развития цифровых компетенций будущих специалистов. Представленные результаты могут быть использованы для мониторинга уровня цифровой подготовки будущих педагогов-психологов в высших учебных заведениях и центрах повышения квалификации.

Ключевые слова: цифровая грамотность, диагностический инструмент, профессиональная подготовка педагогов-психологов.

Y. Abdizhadil*[1], K. Moldassan[2], A. Shakirova[3], S. Nurbekova[4]
[1,2,3]Al-Farabi Kazakh National University
[4]Kazakh National Women's Teacher Training *University*

The methodology of digital literacy diagnostics for future educational psychologists

Abstract. In the modern educational space, digitalization has become an integral part of professional practice. Digital literacy is very important for future psychological educators due to access to modern educational resources, effective remote counseling, organization of diagnostic, correctional, and rehabilitation work using digital tools, as well as the integration of innovative technologies into the process of psychological and pedagogical support. The article defines the importance of digital literacy of future teachers-psychologists on the basis of scientific, pedagogical, and psychological concepts. It is proven that the diagnostic methods of digital literacy widely used in international practice cannot reveal specific results in the diagnosis of digital literacy of educational psychologists. In this regard, the author's method of diagnosing digital literacy is proposed specifically for educational psychologists. The diagnostic methodology is based on a

multi-level analysis of knowledge, skills and professional skills, including testing, situational tasks and practical tasks reflecting the specific conditions of professional pedagogical and psychological activity. Special attention is paid to assessing the ability to apply digital technologies in pedagogical and psychological support, remote counseling and educational activities. The methodology allows to adapt the educational process and determine the trajectory of purposeful development of digital competencies of future specialists. The presented results can be used to monitor the level of digital training of future psychological educators in higher education institutions and advanced training centers.

Keywords: digital literacy, diagnostic tool, professional training of educational psychologists.

References

Davydov, S.G., & Logunova, O.S. (2015) Proekt «Indeks tsifrovoy gramotnosti»: metodicheskie eksperimenty [Project "Digital Literacy Index": Methodological Experiments]. Sotsiologiya: metodologiya, metody, matematicheskoe modelirovanie (4M), No. 41, pp. 120–141. (in Russian)

Dudina, O.V., & Gorbunova, T.V. (2022). Digital literacy of future teacherpsychologists. Modern Problems of Science and Education, № 5. https://doi.org/10.17513/spno.32040 (in Russian)

Evropeyskaya ramka tsifrovykh kompetentsiy pedagoga [European Framework for the Digital Competence of Educators]. Available at: https://skillsproof.kz/restful/v1/domain/registry/documents/539135/ (Accessed: 13 March 2025). (in Russian)

Zhumasheva, S.S. (2021) Digital literacy as one of the key competences of a modern teacher. Bulletin of Science and Education, No. 9(112), Part 3, pp. 73–77. DOI:10.24411/2312-8089-2021-10911 (in Russian)

Ministerstvo obrazovaniya i nauki RK (2009) Prikaz №338 ot 13 iyulya 2009 goda «Ob utverzhdenii tipovykh kvalifikatsionnykh kharakteristik dolzhnostey pedagoga» [Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (2009). Order No. 338 dated July 13, 2009, "On the Approval of Model Qualification Characteristics for Pedagogical Positions"]. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750_ (Accessed: 13 March 2025). (in Russian)

Tokayev, K.K. (2024) «Adiletti Kazakhstan: zan men tartip, ekonomikalik osim, kogamdyk optimizm» atty Kazakhstan khalqyna Zholdauy ["Just Kazakhstan: Law and Order, Economic Growth, Public Optimism" – Address to the People of Kazakhstan]. Available at: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan (Accessed: 13 March 2025). (in Kazakh)

Tokayev, K.K. (2025) Ükimettin keneytilgen otirysynda soylegen sozi, 28 January 2025 [Speech at the Extended Meeting of the Government, January 28, 2025]. Available at: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ukimettin-keneytilgen-otyrysynda-soylegen-sozi-2801820 (Accessed: 13 March 2025). (in Kazakh)

Stukalenko, N.M., & Prosandeeva, I.A. (2022) The use of digital technologies in order to form the professional competence of future teachers-psychologists . In: Digital Humanities and Technologies in Education (DHTE 2022), Moscow: FGBOU VO MGPPU Publishing, pp. 163–173. Available at: https://psyjournals.ru/nonserialpublications/dhte2022/contents/dhte2022_Stukalenko_Prosandeeva.pdf (Accessed: 13 March 2025). (in Russian)

Tleuzhanova, G.K., Sarzhanova, G.B., Asanova, D.N., & Smagulova, G.Zh. (2023) Pedagogical conditions for the formation of a teacher's digital competencies in the context of the transformation of education. Bulletin of the Karaganda University. Series "Pedagogy"*],* No. 1(109), pp. 176–182. DOI: https://doi.org/10.31489/2023ped1/176-182 (in Russian)

Toktarova, V.I., & Rebko, O.V. (2021) Digital Literacy: Concept, Components, and Assessment. Bulletin of Mari State University, No. 2(42). Available at: https://cyberleninka.ru/article/n/tsifrovaya-gramotnost-ponyatie-komponenty-i-otsenka(Accessed: 13 March 2025). (in Russian)

Sharikov, A.V. (2015) Teoreticheskie podkhody k opredeleniyu ponyatiya tsifrovoy gramotnosti [Theoretical Approaches to Defining the Concept of Digital Literacy]. In: Vserossiyskaya nauchno-prakticheskaya konferentsiya «Internet i sotsiokul'turnye transformatsii», pp. 96–112. (in Russian)

Gilster, P. (1997) Digital literacy. New York, NY: John Wiley & Sons. – 276 p.

Alarcon, R., Jiménez, E. P., & Vicente-Yagüe, M. I. (2020) Development and validation of the DIGIGLO, a tool for assessing the digital competence of educators. British Journal of Educational Technology, 51(6), 2407–2421. DOI: https://doi.org/10.1111/bjet.12919

Bettina Nielsen, Egeberg, G. C., & Svihus, C. L. (2024) Digital Maturity in Education: The Implementation of Digital Tablets. Nordic Journal of Digital Literacy, 19(4), 195–206. DOI: https://doi.org/10.18261/njdl.19.4.2

Clifford, I., Kluzer, S., Troia, S., Jakobsone, M., & Zandbergs, U. (2020) DigCompSat. In: Vuorikari, R., Punie, Y., Castaño Muñoz, J., Centeno Mediavilla, I.C., O'Keeffe, W., & Cabrera Giraldez, M. (Eds.), Publications Office of the European Union, Luxembourg. DOI: https://doi.org/10.2760/77437

Esher Eshet-Alkalai (2004). Digital literacy: A conceptual framework for survival skills in the digital era // Journal of Educational Multimedia and Hypermedia. - 2004. - Vol. 13, № 1. - P. 93–106.

Mattar, J., Ramos, D. K., & Lucas, M. R. (2022) Digcomp-based digital competence assessment tools: Literature review and instrument analysis. Education and Information Technologies, 27, 10843–10867. https://doi.org/10.1007/s10639-022-11034-3

Schwarz, S., Bieg, T., Svecnik, E., Schmölz, A., Geppert, C., & Gerdenitsch, C. (2024) Digital Competence Scale (DCS): A Short Self-Assessment Instrument for Measuring Digital Competences. Nordic Journal of Digital Literacy, 19(3), 126–143. DOI: https://doi.org/10.18261/njdl.19.3.2

Barak, A., & Hen, L. (2008). Exposure in cyberspace as means of enhancing psychological assessment. In Barak, A. (Ed.), Psychological Aspects of Cyberspace: Theory, Research, Applications (pp. 129–162). Cambridge University Press. DOI: 10.1017/CBO9780511813740.007

Richards, D., & Viganò, N. (2013). Online counseling: A narrative and critical literature review. Journal of Clinical Psychology, 69(9), 994–1007. DOI: https://doi.org/10.1002/jclp.21974

Norcross, J. C. (2020). Psychotherapy in the digital age: Technological developments and clinical implications. American Psychologist, 75(3), 349–364. DOI: https://doi.org/10.1037/amp0000623

Patchin, J. W., & Hinduja, S. (2015). Cyberbullying: Identification, prevention, and response. New York, NY: Routledge.

Tzafilkou, K., Perifanou, M., & Economides, A.A. (2022) Development and validation of student's digital competence scale (SdiCoS). International Journal of Educational Technology in Higher Education, 19, 30. https://doi.org/10.1186/s41239-022-00330-0

Автор туралы мәліметтер:

Әбдіжәділ Еркеназ Әбибуллақызы – хат-хабар авторы, «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Масанчи көшесі 39, 050000, Алматы қаласы, Қазақстан.

Молдасан Қуаныш Шорманқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Масанчи көшесі 39, 050000, Алматы қаласы, Қазақстан.

Шакирова Арайлы Далеловна – PhD, ассистент-профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Масанчи көшесі, 39, 050000, Алматы, Қазақстан.

Нурбекова Салтанат Молотовна – PhD, аға оқытушы, «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының жетекшісі, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Гоголя көшесі, 114, 050000, Алматы, Қазақстан.

Информация об авторах:

Абдижадиль Еркеназ Абибуллаевна – автор для корреспонденции, докторант образовательной программы «Педагогика и психология», кафедры педагогики и менеджмент образования, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Масанчи 39, 050000, Алматы, Казахстан.

Молдасан Куаныш Шорманкызы – к.п.н., ассоциированный профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Масанчи 39, 050000, Алматы, Казахстан.

Шакирова Арайлы Далеловна – PhD, ассистент-профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Масанчи 39, 050000, Алматы, Казахстан.

Нурбекова Салтанат Молотовна – PhD, старший преподаватель, руководитель образовательной программы «Педагогика и методика начального обучения», Казахский национальный женский педагогический университет, ул. Гоголя, 114, 050000, Алматы, Казахстан.

Information about the authors:

Abdizhadil Yerkenaz – corresponding author, doctoral student, educational program «Pedagogy and psychology, al-Farabi Kazakh National University, 39 Masanchi Str., Almaty, Kazakhstan.

Moldassan Kuanysh – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, al-Farabi Kazakh National University, 39 Masanchi Str., Almaty, Kazakhstan.

Shakirova Araily Dalelovna – PhD, Assistant Professor, Al-Farabi Kazakh National University, 39 Masanchi Street, 050000, Almaty, Kazakhstan.

Nurbekova Saltanat Molotovna – PhD, Senior Lecturer, Head of the Educational Program “Pedagogy and Methodology of Primary Education”, Kazakh National Women’s Teacher Training University, 114 Gogol Street, 050000, Almaty, Kazakhstan.

GUMILYOV JOURNAL OF PEDAGOGY
ISSN: 3080-1710. ISSN (Online): 3104-462X

IRSTI 14.25.05
Scientific article

https://doi.org/10.32523/3080-1710-2026-156-3-112-134

FORMATION OF INFORMATION SECURITY CULTURE AMONG SCHOOLCHILDREN IN A DIGITAL EDUCATIONAL ENVIRONMENT

***B.S. Baimenova* [*1], *S.S. Zhubakova* [2], *M. Azhgaliyev* [3], *Zh.O. Amanzholova* [4], *A.S. Sabdenova* [5]**

[1,2] *L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*
[3] *M. Utemisov West Kazakhstan University, Oral, Kazakhstan*
[4,5] *Central Asian Innovation University, Shymkent, Kazakhstan*

*E-mail: [*1] botagoz.baymenova@mail.ru, [2]zhubakova.saule@mail.ru, [3]marat_ajigaliev@mail.ru, [4] zhuli.pedagog@mail.ru, [5] asiya_aika@mail.ru*

Эксперименттік топта ең жоғары оң динамика практикалық-бағдарланған көрсеткіштер бойынша байқалды. Ұлттық дәстүрлерді нақты сипаттай алатын ата-аналар үлесі 32,5%-дан 74,3%-ға дейін, ал отбасылық құндылықтарды жүйелі түрде сипаттау деңгейі 35,2%-дан 72,1%-ға дейін артты. Бақылау тобында бұл көрсеткіштер бастапқы деңгейде сақталды.

Топтар арасындағы ең айқын айырмашылық фольклорды қолдану көрсеткішінде анықталды. Эксперименттік топта фольклорды мақсатты және жүйелі түрде қолданатын ата-аналар үлесі 28,7%-дан 77,9%-ға дейін артса, бақылау тобында тек декларативті қолдану деңгейі сақталып, әдістемелік негіздің жеткіліксіздігі байқалды.

Осылайша, салыстырмалы талдау қалыптастыру экспериментінің эксперименттік топтағы ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін айтарлықтай арттырғанын, ал бақылау тобында елеулі өзгерістердің болмағанын көрсетті.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу ата-аналардың нашар еститін бастауыш сынып оқушыларын патриотизмге тәрбиелеу жөніндегі бастапқы түсінік деңгейін анықтауға және қалыптастырушы педагогикалық ықпалдың тиімділігін бағалауға мүмкіндік берді. Анықтаушы кезеңде ата-аналардың басым бөлігі патриотизмді кең, бірақ жүйесіз түрде түсінетіні, ұлттық-мәдени мазмұнды нақтылауда қиындықтарға тап болатыны және фольклорды қолдану бойынша жеткілікті әдістемелік білімге ие еместігі анықталды. Сонымен қатар, отбасылық дәстүрлердің тәрбиелік әлеуеті толық ашылмағаны байқалды. Қалыптастыру экспериментін жүзеге асыру (ағартушылық сабақтар, практикалық жаттығулар және «отбасы–мектеп» ынтымақтастығын күшейту бағытындағы әдістемелік-педагогикалық қолдау) эксперименттік топта айқын оң өзгерістерге алып келді. Ата-аналардың педагогикалық сауаттылығы артты, патриоттық тәрбиені жүйелі түсіну қалыптасты және ұлттық-мәдени, фольклорлық ресурстарды тәрбиелік үдерісте қолдану дағдылары жетілдірілді. Салыстырмалы талдау ұсынылған педагогикалық жұмыстардың тиімділігін растады, ол эксперименттік топта барлық негізгі көрсеткіштер бойынша айқын оң динамикамен, ал бақылау тобында айтарлықтай өзгерістердің болмауымен сипатталды. Патриотизмге тәрбиелеу, әсіресе арнайы білім беру контексінде, отбасы мен мектеп арасындағы үйлесімді өзара әрекеттестікті талап етеді. Отбасындағы тәрбиенің құндылықтық негіздері – Отанға деген сүйіспеншілік, ұлттық дәстүрлерді құрметтеу және азаматтық жауапкершілік сезімі – оқушының әлеуметтену үдерісінде маңызды негіз бола алады. Осылайша, патриотизмге тәрбиелеу нашар еститін оқушылардың ұлттық және азаматтық сәйкестілігін қалыптастырудың негізі ретінде тек мектеп қабырғасында ғана емес, ең алдымен, отбасылық ортада басталуы тиіс. Бұл аталған санаттағы оқушылардың ерекше қажеттілігіне қарамастан, өзін қоғамның толыққанды және жауапты мүшесі ретінде сезінуіне мүмкіндік береді.

Авторлардың қосқан үлесі

Ахмедиева К.Н. – мақала тақырыбына сәйкес материалдарды жинақтап, жүйеледі. Зерттеу нәтижелерін талдап, жұмыстың құрылымын қалыптастырды және қорытындыларды тұжырымдады. Мәліметтердің нақтылығын, сонымен қатар мәтін бөлімдерінің өзара байланысы мен тұтастығын қамтамасыз етті. Мақаланың толық мәтінін әзірледі.

Қалықбаева А.Ж. – зерттеу жұмысының тұжырымдамалық негізін айқындады. Мақала мазмұнын кешенді талдау арқылы сараптап, ғылыми тұрғыдан қайта қарастырды. Жұмыстың қорытынды нұсқасын тексеріп, мақұлдады. Мәтіннің құрылымдық логикасын, бөлімдердің өзара мазмұндық сабақтастығын және ұсынылған деректердің дұрыстығын бағалады. Зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен нақтылығын қамтамасыз ете отырып, мақаланың ғылыми сапасының жоғары деңгейде болуына ықпал етті.

Пайлозян Ж.А. – зерттеу тақырыбына сәйкес ғылыми-теориялық және әдістемелік материалдарды іріктеуге және талдауға қатысты. Зерттеу нәтижелерін интерпретациялауға, алынған деректерді ғылыми тұрғыдан жүйелеуге және мақаланың жекелеген бөлімдерін мазмұндық толықтыруға үлес қосты. Мақала мәтінін редакциялауға, ғылыми тұжырымдардың нақтылығын тексеруге және жұмыстың соңғы нұсқасын келісуге қатысты.

Әдебиеттер тізімі

Афанасьев, Н.В. (2019). Устное народное творчество: учебное пособие / Н.В. Афанасьев. - Якутск: Издательский дом СВФУ. - 112 с.

Бабосов, Е.М. (2019). «Патриотизм – духовно-политическая основа адекватных ответов Беларуси на вызовы современности» /Е. М. Бабосов //Патриотизм и патриотическое воспитание в контексте вызовов современности: материалы Междунар. науч.-практ. конф., Минск, /НАН Беларуси, Ин-т социологии; Госпогранкомитет; Ин-т погранич. службы Респ. Беларусь; редкол.: Г. П. Коршунов (гл. ред.) [и др.]. – Минск. – С. 28–31.

Akhmediyeva, K., Autayeva, A., Zhakipbekova, S., & Galiyeva, A. (2025). The effect of activities based on Kazakh folklore in teaching patriotic values to hearing impaired elementary school children. Journal of Social Studies Education Research, 16(1), 58-87.

Богатенкова, Я.А. (2020). «Патриотическое воспитание младших школьников на уроках литературного чтения» [Текст] /Я.А. Богатенкова. //Образование и воспитание.– № 2 (28). С. 20-22.

Божович, Л.И. (2011). О нравственном развитии и воспитании детей /Л.И. Божович. - Москва: Просвещение. – С. 80-90.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2007 жыл 27 шілдедегі № 319.

Кузьмина И.Е., Степихова В.А. Проблема патриотического воспитания в школе XXI в.: поиск современных подходов и моделей партнерства // Вестник Костромского государственного университета. Сер.: Педагогика. Психология. Социокинетика. 2017. Т. 23, № 4. С. 172–177

Баранов В.М., Першин В.Б., Першина И.В. К вопросу о коллизии между правом и моралью // Юридическая техника. 2017. № 11. С. 88–94

Chua, S., & Sim, J. B.-Y. (2017). Rethinking critical patriotism: A case of constructive patriotism in Social Studies teachers in Singapore. Asia Pacific Journal of Education, 37(1), 1–13.

Быкова, А.К., Вырщикова, А.Н. (2009). Патриотическое воспитание [Текст]: Словарь-справочник / под ред. А.К. Быкова и А.Н. Вырщикова. – Волгоград: ВГАПКРО. – 180 с.).

Выготский, Л. С. (2003). Основы дефектологии [Текст] / Л. С. Выготский. – СПб.: Лань.

Ёлкин, С.М. (2017). «О содержании понятий «Патриотизм» и «Патриотическое воспитание»» /С.М. Ёлкин, А.А. Косова. — EDN VZSLJC // Вестник Новгородского государственного университета. — № 1 (99). — С. 14–16.

Ивашкина, Н.А. (2008). Патриотическое воспитание младших школьников на традициях народной педагогики: автореф. дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. -М. - 46 с.

Карпова, Г.А. (2012). «Комплексная диагностика коррекционно-педагогического потенциала семьи, воспитывающей ребенка-инвалида» [Текст] / Г. А. Карпова // Вопросы специальной психологии и педагогики. – № 1.

Аутаева, А., Даурамбекова, А., Миралиева, А. Дыбыстардың айтылуын қалыптастыру және есту қабілетін дамыту. Арнайы мектептердің (сыныптардың) есту қабілетінде бұзылыстары бар (нашар еститін, кейіннен естімей қалған). 1-сынып оқушыларына арналған оқулық. 2024. - Асыл кітап

Козлов, Э.П. (2012). Воспитание нравственного сознания школьников. - [Текст] / Э.П. Козлов. – Изд-во Ростовского ун-та. – 152 с.

Машина, А.А. (2023). «Современные тенденции патриотического воспитания дошкольников: сборник трудов конференции». //Стратегии устойчивого развития: социальные, экономические и юридические аспекты: материалы II Всерос. науч.-практ. конф. (Чебоксары, 10 авг. 2023 г.) / редкол.: Э.В. Фомин [и др.] – Чебоксары: ИД «Среда». – С. 195-198. – ISBN 978-5-907688-55-1. – DOI 10.31483/r-107705.

Пенин, Г.Н. (2006). Воспитание учащихся с нарушением слуха в специальных образовательных учреждениях [Текст] / Г. Н. Пенин, Л. В. Кораблева, З. А. Пономарева, О. А. Красильникова. – СПб.: КАРО.

Речицкая, Е. Г. (2005). Развитие младших школьников с нарушенным слухом в процессе внеклассной работы [Текст] /Е.Г. Речицкая. – М.: Владос.

Чэнь, Ч. (2015). «Семейные уроки патриотизма в России и Китае». / Ч. Чэнь, С.В. Куликова. — EDN TSXECD // Грани познания.— № 3 (37). — С. 37–39.

Чечет, В.В. (2009). Воспитание патриотических чувств в семье. - Минск: - 143 с.

Щербакова, В.А. (2023). «Патриотическое воспитание как элемент образовательного процесса и развития молодежи: сборник трудов конференции». /В.А. Щербакова, В.В. Кульчитская, Л.В. Богославцева //Социально-экономические процессы современного общества : материалы II Всерос. науч.-практ. конф. с междунар. участ. (Чебоксары, 25 мая 2023 г.) / редкол.: Э.В. Фомин [и др.] – Чебоксары: ИД «Среда». – С. 305-308. – ISBN 978-5-907688-35-3.

Яковлюк, С.М. (2004). Формирование основ духовности младших школьников средствами эстетических ценностей фольклора: автореф. дис. ... канд. пед. наук. / С. М. Яковлюк. — М. — 20 с.

Abroto Aninditya Sri Nugraheni, Rizka Febriyani Awliyah (2022). The Role of the Family in the Moral Education of Children – Jurnal Basicedu Vol 6 № 2 Tahun p-ISSN 2580-3735 e-ISSN 2580-1147 2719.

Akhmediyeva, K., Autayeva, A. (2024). «The role of folklore in the upbringing of patriotism of primary school children with hearing impairments». Armenian Journal of Special Education, 8(2), 18–27. https://doi.org/10.24234/se.v8i2.31

Baglama, B., Haksiz, M., Uzunboylu, H. (2018). «Technologies Used in Education of Hearing Impaired Individuals». International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET). 13(09), pp. 53–63.

Ergobek, K. S., Mukhamedzhanova, A. B., Sartbaeva, D. K., Karpykbaeva, A.S., Bimaganbetova, A.K. (2014). «Patriotic upbringing of future teachers in the course of studying of the discipline «Children's literature»». Life Sci J;11(5s):60-66]. (ISSN:1097-8135). http://www.lifesciencesite.com.

Hafez Turkestani, Maryam; Omar Bahatheg, Raja (2015). «Citizenship Among a Sample of Hearing and Hearing Impaired Kindergarten's Children in Al – Riyadh –saudi Arabia «comparative Study» . Education, Volume 136, Number 2, Winter 2015, pp. 145-158(14)

Tirza, F K van der Straaten, Jeroen, J Briaire, Evelien Dirks, Wim Soede, Carolien Rieffe, Johan H M Frijns (2021). The School Career of Children With Hearing Loss in Different Primary Educational Settings—A Large Longitudinal Nationwide Study The Journal of Deaf Studies and Deaf Education, Volume 26, Issue 3, July 2021, Pages 405–416, https://doi.org/10.1093/deafed/enab008

Toleubekova, R.K., Nurpeissov, N.T., Ibragymkyzy, Sh., Joldassova, O.K., Tamabaeva, M.K (2018). Evolution of views on the patriotic education of younger generation. Journal of Advanced Pharmacy Education. Research. Oct-Dec 2018. Vol 8 | Issue 4

Tom Humphries, Poorna Kushalnagar, Gaurav Mathur, Donna Jo Napoli, Christian Rathmann, Scott Smith (2019). Support for parents of deaf children: Common questions and informed, evidence-based answers. International Journal of Pediatric Otorhinolaryngology. Volume 118, March 2019, Pages 134-142.

Vertel, A., Korolenko, V., Shapovalova, O., Bereziuk, T. (2024). The role of the family in the education and upbringing of children. Cadernos de Educação Tecnologia e Sociedade, 17, (se1), 54-64

К.Н. Ахмедиева*[1], А.Ж.Калыкбаева[2], Ж.А.Пайлозян[3]

[1,2] Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

[3]Армянский государственный педагогический университет им.Х.Абовяна, Ереван, Армения

Роль семьи в воспитании патриотизма у слабослышащих учащихся начальных классов на основе фольклора

Аннотация. Воспитание патриотизму подрастающего поколения рассматривается как одно из приоритетных направлений современной образовательной политики и важнейшее условие устойчивого развития и процветания государства. В условиях трансформации общественных ценностей и образовательных приоритетов содержание воспитания патриотизму требует научного переосмысления с учетом образовательных потребностей различных категорий обучающихся.

Особое значение в воспитании патриотизму слабослышащих учащихся начальных классов принадлежит семье как ведущему социальному институту, оказывающему определяющее влияние на становление личности ребенка, формирование его нравственных ориентиров и гражданской позиции. Настоящее исследование направлено на выявление роли семьи в воспитании патриотизму слабослышащих учащихся начальных классов на основе казахского фольклора, который рассматривается как эффективное средство духовно-нравственного развития, формирования национального самосознания и патриотических ценностей.

В статье раскрываются сущностные характеристики понятий «патриотизм», «патриотическое воспитание», «роль семьи», «фольклор»; проводится анализ научных подходов отечественных и зарубежных исследователей, а также рассматриваются возможности их применения в контексте патриотического воспитания слабослышащих младших школьников.

Методологическую основу исследования составили теоретический анализ научной литературы и эмпирический метод анкетирования, позволивший определить содержание

и особенности применения фольклора в семейном воспитании. В исследовании приняли участие 60 родителей слабослышащих учащихся начальных классов. Полученные данные позволили обозначить перспективные направления повышения эффективности патриотического воспитания в условиях семьи.

Представленные материалы могут быть использованы в практической деятельности педагогов специальных организаций образования, учителей начальных классов, специалистов в области специального и инклюзивного образования, а также родителей, воспитывающих слабослышащих детей.

Ключевые слова: патриотизм, патриотическое воспитание, слабослышащие учащиеся, роль семьи, анкетирование, фольклор

K.N. Akhmediyeva[*1], A.Zh. Kalykbaeva[2], Zh.Paylozyan[3]

[1,2] Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

[3]Khachatur Abovyan Armenian State Pedagogical University" Foundation, Yerevan, Armenia

The Role of the Family in Fostering Patriotism among Hard-of-Hearing Primary School Students through Kazakh Folklore

Abstract. Patriotic education of the younger generation is regarded as one of the key areas of modern educational policy and a fundamental condition for the sustainable development and prosperity of the state. In the context of shifting societal priorities, the content of patriotic education requires rethinking, taking into account the specific needs of various categories of learners.

The family, as one of the primary social institutions, plays a particularly significant role in shaping patriotic values among primary school children with hearing impairments. This study aims to identify the role of the family in the patriotic education of this student group, using folklore as a means of moral and spiritual development.

The article explores the essential characteristics of the concepts «patriotism», «patriotic education», «family's role» and «folklore». It analyzes the scientific approaches of both domestic and foreign researchers and examines their applicability to the patriotic upbringing of hearing-impaired primary schoolchildren.

The methodological basis of the study includes a theoretical analysis of scientific literature and the empirical method of a questionnaire survey, which made it possible to determine the content and features of folklore use in family education. The study involved 60 parents of hearing-impaired primary school students. The results made it possible to identify promising directions for enhancing the effectiveness of patriotic education within the family setting.

The presented materials can be used in the practical work of educators in special (correctional) educational institutions, primary school teachers, and specialists working in the field of special education.

Keywords: patriotism, patriotic education, hearing-impaired students, family role, questionnaire, folklore.

References

Afanasyev, N.V. (2019). Ustnoye narodnoye tvorchestvo: uchebnoye posobiye. Yakutsk: Izdatelskiy dom SVFU. 112 p.

Babosov, E.M. (2019). Patriotizm – dukhovno-politicheskaya osnova adekvatnykh otvetov Belarusi na vyzovy sovremennosti. In: Patriotizm i patrioticheskoye vospitaniye v kontekste

vyzovov sovremennosti: Materialy Mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii. Minsk: NAN Belarusi, Institut sotsiologii, pp. 28–31.

Akhmediyeva, K., Autayeva, A., Zhakipbekova, S., & Galiyeva, A. (2025). The effect of activities based on Kazakh folklore in teaching patriotic values to hearing-impaired elementary school children. Journal of Social Studies Education Research, 16(1), 58–87.

Bogatenkova, Ya.A. (2020). Patrioticheskoye vospitaniye mladshikh shkolnikov na urokakh literaturnogo chteniya. Obrazovaniye i vospitaniye, 2(28), 20–22.

Bozhovich, L.I. (2011). O nravstvennom razvitii i vospitanii detey. Moscow: Prosveshcheniye. pp. 80–90.

Zakon Respubliki Kazakhstan «Bilim turaly» No. 319 ot 27 iyulya 2007 goda.

Kuzmina, I.E., & Stepikhova, V.A. (2017). Problema patrioticheskogo vospitaniya v shkole XXI v.: poisk sovremennykh podkhodov i modeley partnerstva. Vestnik Kostromskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Pedagogika. Psikhologiya. Sotsiokinetika, 23(4), 172–177.

Baranov, V.M., Pershin, V.B., & Pershina, I.V. (2017). K voprosu o kollizii mezhdu pravom i moralyu. Yuridicheskaya tekhnika, 11, 88–94.

Chua, S., & Sim, J.B.-Y. (2017). Rethinking critical patriotism: A case of constructive patriotism in Social Studies teachers in Singapore. Asia Pacific Journal of Education, 37(1), 1–13.

Bykova, A.K., & Vyrshchikova, A.N. (2009). Patrioticheskoye vospitaniye: Slovar-spravochnik. Volgograd: VGAPKRO. 180 p.

Vygotsky, L.S. (2003). Osnovy defektologii. Saint Petersburg: Lan.

Yolkin, S.M., & Kosova, A.A. (2017). O soderzhanii ponyatiy «Patriotizm» i «Patrioticheskoye vospitaniye». Vestnik Novgorodskogo gosudarstvennogo universiteta, 1(99), 14–16.

Ivashkina, N.A. (2008). Patrioticheskoye vospitaniye mladshikh shkolnikov na traditsiyakh narodnoy pedagogiki (Abstract of Candidate Dissertation). Moscow. 46 p.

Karpova, G.A. (2012). Kompleksnaya diagnostika korrektsionno-pedagogicheskogo potentsiala semi, vospityvayushchey rebenka-invalida. Voprosy spetsialnoy psikhologii i pedagogiki, 1.

Autayeva, A., Daurambekova, A., & Miraliyeva, A. (2024). Dybystardyn aytyluyn qalyptastyru zhane estu qabiletin damytu. Arnaiy mektepterdin (synyptardyn) estu qabiletinde buzylystary bar (nashar estitin, keiinnen estimbei qalgan) 1-synyp oqushylaryna arnalgan oqulyq. Almaty: Asyl Kitap.

Kozlov, E.P. (2012). Vospitaniye nravstvennogo soznaniya shkolnikov. Rostov-on-Don: Izdatelstvo Rostovskogo universiteta. 152 p.

Mashina, A.A. (2023). Sovremennyye tendentsii patrioticheskogo vospitaniya doshkolnikov. In: Strategii ustoychivogo razvitiya: sotsialnyye, ekonomicheskiye i yuridicheskiye aspekty: Materialy II Vserossiyskoy nauchno-prakticheskoy konferentsii (pp. 195–198). Cheboksary: ID «Sreda».

Penin, G.N., Korableva, L.V., Ponomareva, Z.A., & Krasilnikova, O.A. (2006). Vospitaniye uchashchikhsya s narusheniyem slukha v spetsialnykh obrazovatelnykh uchrezhdeniyakh. Saint Petersburg: KARO.

Rechitskaya, E.G. (2005). Razvitiye mladshikh shkolnikov s narushennym slukhom v protsesse vneklassnoy raboty. Moscow: Vlados.

Chen, Ch., & Kulikova, S.V. (2015). Semeinyye uroki patriotizma v Rossii i Kitaye. Grani poznaniya, 3(37), 37–39.

Chechet, V.V. (2009). Vospitaniye patrioticheskikh chuvstv v semye. Minsk. 143 p.

Shcherbakova, V.A., Kulchitskaya, V.V., & Bogoslavtseva, L.V. (2023). Patrioticheskoye vospitaniye kak element obrazovatelnogo protsessa i razvitiya molodezhi. In: Sotsialno-ekonomicheskiye protsessy sovremennogo obshchestva: Materialy II Vserossiyskoy nauchno-prakticheskoy konferentsii s mezhdunarodnym uchastiyem (pp. 305–308). Cheboksary: ID «Sreda».

Yakovlyuk, S.M. (2004). Formirovaniye osnov dukhovnosti mladshikh shkolnikov sredstvami esteticheskikh tsennostey folklora (Abstract of Candidate Dissertation). Moscow. 20 p.

Abroto, A.S.N., & Awliyah, R.F. (2022). The role of the family in the moral education of children. Jurnal Basicedu, 6(2), 2719.

Akhmediyeva, K., & Autayeva, A. (2024). The role of folklore in the upbringing of patriotism of primary school children with hearing impairments. Armenian Journal of Special Education, 8(2), 18–27. https://doi.org/10.24234/se.v8i2.31

Baglama, B., Haksiz, M., & Uzunboylu, H. (2018). Technologies used in education of hearing-impaired individuals. International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET), 13(09), 53–63.

Ergobek, K.S., Mukhamedzhanova, A.B., Sartbaeva, D.K., Karpykbaeva, A.S., & Bimaganbetova, A.K. (2014). Patriotic upbringing of future teachers in the course of studying the discipline «Children's Literature». Life Science Journal, 11(5s), 60–66.

Hafez Turkestani, M., & Bahatheg, R.O. (2015). Citizenship among a sample of hearing and hearing-impaired kindergarten children in Al-Riyadh, Saudi Arabia: Comparative study. Education, 136(2), 145–158.

Tirza F.K. van der Straaten, Briaire, J.J., Dirks, E., Soede, W., Rieffe, C., & Frijns, J.H.M. (2021). The school career of children with hearing loss in different primary educational settings: A large longitudinal nationwide study. The Journal of Deaf Studies and Deaf Education, 26(3), 405–416. https://doi.org/10.1093/deafed/enab008

Toleubekova, R.K., Nurpeissov, N.T., Ibragymkyzy, Sh., Joldassova, O.K., & Tamabaeva, M.K. (2018). Evolution of views on the patriotic education of younger generation. Journal of Advanced Pharmacy Education and Research, 8(4).

Humphries, T., Kushalnagar, P., Mathur, G., Napoli, D.J., Rathmann, C., & Smith, S. (2019). Support for parents of deaf children: Common questions and informed, evidence-based answers. International Journal of Pediatric Otorhinolaryngology, 118, 134–142.

Vertel, A., Korolenko, V., Shapovalova, O., & Bereziuk, T. (2024). The role of the family in the education and upbringing of children. Cadernos de Educação Tecnologia e Sociedade, 17(SE1), 54–64.

Авторлар туралы мәлімет:

Ахмедиева Қулмария Нуртаевна – хат-хабар авторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 3-курс докторанты, Төле би көшесі, 31, 050010, Алматы, Қазақстан.

Калыкбаева Алмагуль Жакановна – PhD доктор, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Төле би көшесі, 31, 050010, Алматы, Қазақстан.

Пайлозян Жанна Арутюновна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Х.Абовян атындағы Армян мемлекеттік педагогикалық университеті, Тигран Мец проспектісі, 17, Ереван, Армения.

Сведения об авторах:

Ахмедиева Кулмария Нуртаевна - автор для корреспонденции, докторантка 3-го курса Казахского национального педагогического университета имени Абая, ул. Толе би 31, 050010, Алматы, Казахстан.

Калыкбаева Алмагуль Жакановна – PhD, старший преподаватель Казахского национального педагогического университета имени Абая, ул. Толе би 31, 050010, Алматы, Казахстан.

Пайлозян Жанна Арутюновна – доктор педагогических наук, профессор, Армянский государственный педагогический университет им.Х.Абовяна, проспект Тиграна Меца, 17, 0010, Ереван, Армения.

Information about the authors:

Akhmediyeva Kulmariya – corresponding author, third-year PhD student, Abai Kazakh National Pedagogical University, 31 Tole Bi Street, 050010, Almaty, Kazakhstan.

Kalykbaeva Almagul – Senior Lecturer, PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University, 31 Tole Bi Street, 050010, Almaty, Kazakhstan.

Zhanna Paylozyan - Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Khachatur Abovyan Armenian State Pedagogical University, Foundation, 17 Tigran Mets Ave, 0010, Yerevan, Armenia.

GUMILYOV JOURNAL OF PEDAGOGY
ISSN: 3080-1710. ISSN (Online): 3104-462X

ХҒТАР 31.01.45
Ғылыми мақала

https://doi.org/10.32523/3080-1710-2026-156-3-216-236

ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР: БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Б.С. Имангалиева*[1], Н.А. Убайдулаева[2], А.Б. Алдиярова[3]
Ж.С. Сақып[4]

[1,2,3,4] Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

*E-mail: *[1]nur_b_70@mail.ru, [2]nurbala-76@mail.ru,*
[3]amina.aldiyarova.02@mail.ru, [4]zhamila.sakup.02@mail.ru

Аңдатпа. Химия - бұл жаратылыстану саласы және теориялық-эксперименттік ғылым болып табылады, ол биология, география, математика, физика, медицина, геология, космохимия, химиялық инженерия және де ауыл шаруашылығымен белсенді интеграцияланады. Химияның жаратылыстану ғылымдар арасындағы маңыздылығы оның заттардың және олардың реакцияларының қасиеттерін түсіндіру және болжау қабілетіне байланысты, бұл жаңа материалдар, дәрі-дәрмектер және технологияларды дамыту үшін қажет. Сонымен қатар, ол молекулярлық деңгейде биологиялық процестерді түсінуге ықпал етеді және экологиялық, геологиялық зерттеулерде маңызды рөл атқарады. Химияның теориялық және эксперименттік негіздері аналитикалық құралдардың әдістерінде, компьютерлік модельдеуде және әртүрлі салалар арасындағы өзара әрекеттестіктің арқасында прогреске байланысты үнемі дамып отырады, бұл біздің химиялық процестерді түсінуді тереңдетуге және химияның жаратылыстану ғылымдардағы қолдану аясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Химияның фундаменталды теориялық негіздері, эксперименттік зерттеулері практикалық қолдануда және байланысты ғылымдар процестерінің негізі болып саналады.

Мақалада отандық ғалымдардың зерттеулерін жинақтап және жаратылыстану - ғылыми білім мен өндірістік міндеттерді қалыптастыруда ұсынылған әртүрлі әдістер мен технологияларға пәнаралық байланыс негізінде шолу жасалды. Химиялық процестерінің теориялық негіздері мен білімнің концептуалды жүйесінің біртұтастығы негізгі қорытынды болып табылады.

Түйін сөздер: іргелі химия, зат табиғаты мен қасиеттері, эксперимент, пәнаралық байланыс.

Түсті: 02.06.2025; Мақұлданды: 15.09.2026; Онлайн қолжетімді: 30.09.2026

*хат-хабар авторы

Кіріспе

Химияның жүйе құраушы негізі болатын қос мәселе, қасиеттері көрсетілген заттарды алу және зат қасиеттерінің басқару жолдарын табу болып табылады. Ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстары және зерттеушілердің әлемнің жаратылыстану-бейнесін жасауы осы міндеттерді іске асыру үшін бағытталған.

Өз кезегінде ең алдымен, физикалық химияның фундаменталды негіздері, химиялық термодинамика, электрохимия, фотохимия, плазмахимия, лазерлік химия сияқты физика ғылымдарымен етене байланысқан.

Екіншіден, қалған ғылымдармен белсенді интеграция, нәтижесінде тірі организмдердегі химиялық процестерді зерттейтін биохимия, молекулалық биология, космохимия, геохимия және жер қыртысындағы химиялық элементтердің әрекет заңдылықтары пайда болды. Сондай-ақ, биогеохимия - тірі ағзалардың қатысуымен жүретін биосферадағы химиялық элементтердің қозғалысы, таралуы, шашырауы және концентрациясы туралы ғылым, Космохимия ғаламдағы заттың химиялық құрамын, оның таралуы мен жеке ғарыштық денелерге таралуын зерттейді.

Эксперименталды химияда түбегейлі жаңа әдістерінің пайда болуы (рентгенді құрылымдық талдау, масс-спектроскопия, радиоспектроскопия және т.б.) кейбір белсенді адами әрекеттердің дамуына ықпал етті. Мысалы, хирургияда эфирлі наркозды (CH3 - CH2 - O - CH2 - CH3-) және басқа да есірткі заттарды практикаға енгізу прогрессивті болып табылады; антисептикалық заттардың инфекция таралуының алдын алудағы қолданысы; табиғатта жоқ жаңа аллопластикалық материалдарды полимерлерді алу.

Химиялық элементтердің теңсіздігін атап өткен жөн. Химиялық қосылыстардың басым көпшілігі (қазіргі уақытта белгілі 8,5 мыңнан астам қосылыстың 96%) ол органикалық қосылыстар болып табылады. Олардың негізінде тек 18 элемент қана жатыр (олардың тек 6-ы ең көп таралған).

Бұл біріншіден, химиялық байланыстың беріктігінде (энергия сыйымдылығы), екіншіден, олар тұрақсыз болғандықтан болады. Көміртек, басқа элементтер сияқты, энергия сыйымдылығы мен байланыс тұрақтылығының барлық талаптарына жауап береді. Ол химиялық қарама-қайшылықтарды біріктіре отырып, олардың бірлігін жүзеге асырады.

Қазіргі таңда химиялық теориялар табиғат пен қоршаған ортаның құрылымдық ұйымдарын анықтайтын ғылымдармен тығыз байланысты. Химияның теориялық негіздерінің дамуында тұжырымдамалық жүйелердің тұрақты, дәйекті пайда болуы жүреді.

А. Мамырбекова және т.б. авторлар химияны оқытуда интерактивті оқыту тапсырмаларының білім алушылар мотивациясына әсерін талдаған. Зерттеу қорытындысы бойынша білім алушылардың ішкі мотивациясының өсуіне интерактивті оқыту тапсырмалары әсер еткенін анықтаған (Мамырбекова, Алтынбекова және Касымова, 2023). Ә. Әнуарбек, Ч. Тауакелов химияны оқыту әдістемесіне қатысты ой айтқан. Оқытудың заманауи әдістеріне онлайн платформаларды, электронды ресурстарды ұсынған (Әнуарбек және Тауакелов, 2020). Химия пәнін оқытуда жобалық оқыту әдістерін қолдану жолдарын Ж.Б. Тұрғанбек, Ж.А. Ибатаев айтқан болатын (Тұрғанбек және Ибатаев, 2022). «Заттардың құрылымының және құрамының, сонымен қатар, қасиеттерінің құрылымға тәуелді екенін, қасиеттері айқын болған жаңа заттарды және материалдарды алу, химиялық өзгеру заңдылығы мен оларды басқарудың амалын зерделеу - мектептегі химияны оқытудың басты проблемалары» дей отырып, химия пәнін оқытуда ақпараттық технологияның тиімділігіне баса назар аударған (Бөрібекова, 2013). Ақпараттық технологияның тиімділігіне Манап А.М., Айтмұхамет А.А., Рыскалиева Р.Г. тоқталып, мобильді оқыту технологиясын ұсынады.

А.Б.Хамитбекова химия пәнінен практикалық жұмыстарды ұйымдастырудың ең оңтайлы әдісі деп есептейді (Хамитбекова, 2022). Осы орайда Б.С.Имангалиева да тұздар гидролизінің оңтайлы оқыту әдісін ұсынуда химияны физика курсымен тығыз байланы-

стырған (Имангалиева, 2023). Сейтқадыр Ұ.А., Далабаева Н.С. «Білім алушылардың химия пәнінен құзыреттілігін контексттік тапсырмалар арқылы қалыптастыру» атты мақаласында: «Контексттік тапсырмалардың көмегімен пәндік білім мен дағдылар ғана емес, сонымен қатар олардың жүйелілігі, функционалдық сауаттылығы, дербестігі және ойлау қабілеті ашылады. Контексттік тапсырмалардың көмегімен пәндік білім мен дағдылар ғана емес, сонымен қатар олардың жүйелілігі, функционалдық сауаттылығы, дербестігі және ойлау қабілеті ашылады» дейді (Сейтқадыр және Далабаева, 2022). Осы контексттік оқытуға қатысты Себастьян Хабиг метакогнитивті кеңестері контекстке бағытталған тапсырмалардың білім алушылардың пәнді түсінуіне ықпал ететін айтады (Хабиг, 2018).

Химия пәнін игерту барысында биология, физика және математика пәндерін меңгермейінше, бүгінгі таңдағы химияның негіздерін үйрену мүмкін емес, керісінше жаратылыстану пәндерін де химияны меңгермей, түгелдей түсінуге болмайды. Ендеше, химиядан игерілген сапалы білімнің білім алушылардың ой-пікірінің қалыптасуына ықпалы жоғары болады. Н.А. Оразахыноваңың зерттеу еңбегінде: «Пәнаралық байланыс – тәрбие мен оқытуға комплексті көзқарасты байқатады, олар білім беру мазмұнының негізгі бөлігін де, пәндер арасындағы қатынасты да анықтауға мүмкіндік береді. Пәнаралық байланыс білім алушылардың айқын білімін қалыптастыруға негіз болады, гносеологиялық проблемаларды айшықтап көрсетеді, мұнсыз ғылымның негіздерін игерту мүмкін болмайды. Пәнаралық байланыс білім алушыларды жалпылама ғылыми түрдегі танымдық әдістермен (абстракция, модельдеу, аналогия, жалпылау және т.б.) жұмыстануға үйретеді», - деп анықтама берілген (Оразахынова, 1993).

Пәнаралық байланыс - әртүрлі пәндер бойынша білім, білік және оқу-зерттеу қызметінің дағдыларын біртұтас жүйеге біріктіретін әртүрлі оқу пәндерін жақындастыруға ықпал ететін іргелі әдістемелік қағидат. Пәнаралық байланыстар ғылымдағы қатынастардың объективті көрінісі болып табылады және олардың ерекшеліктерін білдіреді. Олар ассимиляция нәтижесінде пайда болатын теориялық материал және дағдыларды игеруге бағытталған. Жан-жақты пәнаралық байланыстар сабақтың мазмұнын терең түсіндіреді, сабақ мағынасының танымдық құндылығын жоғарылатады, білім алушылар қоршаған ортаның үрдістері мен құбылыстардың өзара байланысына көз жеткізеді, бірнеше білімді қолданады. Когнитивті есептер мен проблемалық мәселелерді шешуге арналған пәндерді түсіне бастайды. Педагогикалық әдебиеттерде пәнаралық байланыстардың зерттелген аспектілері: ассимиляция тиімділігін арттырудың дидактикалық құралы ретінде білім алушылардың білімі, танымдық белсенділігі, олардың дербестігі білімдерді игеру, олардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру. Пәнаралық байланыстарды жіктеу әртүрлі критерийлерге негізделуі мүмкін. Хронологиялық критерий бойынша байланыстар ілеспе, алдыңғы және келешегі бар зерттелетін пән болып ажыратылады. Ақпараттық критерий бойынша нақты және тұжырымдамалық теориялық байланыстар деп бөлінеді. Құрылымдық элементтер бойынша сабақтас оқу пәндерінің пәнаралық байланыстары: фактілер мен ұғымдар арасында; зерттеу әдістері мен ғылыми ойлау; ортақ дағдылар мен дағдыларды қалыптастыру байланыстары; көрнекі іс-әрекет тәсілімен оқыту байланыстары деп бөлінеді.

Пәнаралық байланыс мәселесі ғылымда ертеден зерттеліп келе жатқан тақырып, бұл бағытта Қазақстанда оның негізін қалаушы профессор А.А. Бейсенбаева еңбектерін негізге алуға болады (Beisembayeva,2017).

Дәстүрлі түрде байланыстарды циклішілік (химияның биология, география және физикамен байланысы) және цикларалық (химияның математика, әдебиет, тарих және әлемдік көркем мәдениетпен байланысы). Жүйелік-белсенділік тәсілінің қағидаттарына сәйкес пәнаралық байланыстар оқу үдерісінің негізгі бөліктеріне (мазмұны, әдістері, ұйымдастыру формалары) сүйене отырып топтарға жіктеледі: мазмұн-ақпараттық, жедел-белсенділік және де ұйымдастырушылық-әдістемелік.

Материалдар мен әдістер

Химия жаратылыстану бағытындағы барлық пәндермен тығыз байланысты. Химияның басқа пәндермен байланысы туралы жалпылама зерттеулер де, бір пәнмен байланысын арнайы зерттеген зерттеушілер баршылық. Білім алушылардың химияның басқа пәндермен байланысы туралы білімдері жалпылама болуы мүмкін. Осы олқылықты толтыру мақсатында мақаламызда соңғы зерттеулерге сүйене отырып, химияның басқа пәндермен байланысын қазіргі ғылыми жетістіктер негізінде ашуды көздедік. Зерттеу үшін отандық, шетелдік ғалымдардың ғылыми мақалалары мен таңдаулы еңбектері алынды. Еңбектерге шолу жасау, материалдарды салыстыра-салғастыра отырып анализ жасау әдістері қолданылды. Зерттеу барысында әдебиеттерге шолу, салыстырмалы талдау және сауалнама әдістері қолданылды. Теориялық бөлімді негіздеу үшін отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері қарастырылды. Эмпирикалық деректерді жинау мақсатында Ақтөбе қаласы Х. Досмухамедұлы атындағы №35 және №39 орта мектептеріндегі 7-8-сынып білім алушыларынан сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 132 білім алушы қатысты. Сауалнама сұрақтары білім алушылардың химия пәніне қызығушылығын, химияның басқа пәндермен байланысын қабылдауын, химия сабағында қолданылатын оқу әрекеттеріне қатынасын және химия пәнін болашақ мамандықпен байланыстыруға көзқарасын анықтауға бағытталды. Сауалнама нәтижесі төменде талданды. Химия мен басқа пәндердің байланысы жыл өткен сайын кеңейіп, нығайып келеді. Өйткені төртінші индустриялық төңкерістен соң өндірістің қоғамның барлық саласына енгенін көруге болады. Пәнаралық байланыстың иллюстрациясы көрсетілді (1-сурет) Мақалада осы сурет негізінде пәндер арасындағы байланыстар қарастырылды.

1-сурет. Химияның басқа ғылымдармен байланысы

Ескертпе: Автордардың тарапынан құрастырған иллюстрация

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты - химияны оқыту барысында пәнаралық байланысты қолданудың білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудағы мүмкіндіктерін аңықтау және білім алушылардың химия пәніне және оның басқа пәндермен байланысына деген көзқарасын сауалнама нәтижелері негізінде сипаттау.

Зерттеу сұрағы: химияны оқытуда пәнаралық байланыстарды қолдану білім алушылардың химия пәніне қызығушылығын арттыруға қандай мүмкіндіктер береді?

Зерттеудің ғылыми жаңалығы химия пәнін оқытудағы пәнаралық байланыс нәтижесінде білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру тұрғысынан қарастырылуымен және химияның физика, биология, математика және география пәндерімен байланысын оқытуда қолдануға болатын әдістер мен тапсырмалардың жүйеленуімен сипатталады.

Нәтижелер мен талқылау

Білім алушылардың білімге, ғылымға деген қызығушылығын ояту педагог ғалымдардың бұрыннан зерттеп келе жатқан бағыты. Оқуға деген құштарлықтың ерекше бір түрі – ол білім алуға деген қызығушылық, басқаша оны танымдық қызығушылық деп те айтуға болады. Бір саласы ретінде танымдық іс-әрекетті алуға болады, оның бағытында оқылатын пәндердің мазмұнын және білім алушының білім алатын керек әдістер мен дағдыларды игеру жүреді.

Тұлға дамуының маңызды ынталандырушысы ретінде қызығушылық мәселесі қазір мұғалімдердің де, психологтердің де назарын аударуда. Психологиялық тұрғыдан қызығушылық ұтқырлықпен, өзгергіштікпен, әртүрлі реңктер мен даму деңгейлерімен сипатталады. Психологтердің көпшілігі қызығушылықты бағыттар санатына жатқызады, яғни адамның объектіге немесе қызметке деген ұмтылысы. Танымдық қызығушылыққа ерекше мән бере отырып, психологтер бұл «қызығушылық мазмұнға деген қызығушылықты да, білімді игеру процесін де білдіреді» деп көрсетеді. Горенков Е.М. көзқарасы бойынша Л.В. Занков дидактикалық жүйесіндегі мұғалім мен оқушылардың бірлескен әрекеті — бұл жай ғана оқу әрекеттерінің жиынтығы емес, ол – тұлғаның дамуын қамтамасыз ететін мазмұнды өзара іс-қимыл, ерекше сипаттағы педагогикалық байланыстар мен қатынастардың жүйесі (Горенков, 2002). Қызығушылық-бұл іс-әрекеттің ерекше тонусын, жеке тұлғаның айрықша күйлерінен тұратын көптеген психикалық процестердің «қорытпасы» (оқу процесінің қуанышы, қызығушылық тудыратын тақырыпты тануға, танымдық іс-әрекетке, сәтсіздіктер мен оларды жеңуге деген ерікті ұмтылыстар).

Педагогикалық процесте танымдық қызығушылық басты рөл атқарады. Педагогикада когнитивті қызығушылықты былайша анықтайды: «Қызығушылық - бұл тақырыпты зерттеуге жағымды эмоционалды боялған көзқараспен, таным қуанышымен, қиындықтарды жеңумен, жетістікке жетумен, өзін-өзі көрсетумен және дамып келе жатқан тұлғаны растаумен байланысты белсенді танымдық бағыт». Танымдық қызығушылық іс-әрекетте, ең алдымен, оқытуда дамиды және қалыптасады. Мұғалімнің оқу процесіндегі жетістігі, ең алдымен, білім алушыларды өз пәніне қаншалықты қызықтыра алғанына байланысты. Бірақ қызығушылық өздігінен пайда бола алмайды, мұғалім осы бағытта жұмыс істеуі керек. Айта кету керек, білім алушылардың пән бойынша үлгерімі әрдайым білім алушының оған деген танымдық қызығушылығының көрсеткіші бола бермейді. Білім алушы тек керемет баға ала алады, бірақ бұл оның еңбекқорлығын немесе пәнге оңай берілетіндігін көрсетуі мүмкін. Оның пәнге деген танымдық қызығушылығы туралы айтуға болмайды. Сонымен қатар, үлгерімімен ерекшеленбейтін білім алушы пәнге қызығушылық таныта алады, ол сабақта оқығанды ұнатады. Мұғалімнің сыныптағы жұмысы - осындай білім алушыларды анықтау, олардың тұрақты танымдық қызығушылығын дамыту және қалыптастыру.

Сөзіміз дәлелді болу үшін сауалнамаға қатысқан білім алушылардың жауабын назарларыңызға ұсынамыз. Білім алушыларға «Сіз үшін қызықты пән?» деген сұраққа химияны 31 % білім алушы таңдаған. Ал биологияны 53 пайыз білім алушы таңдаған. Ең соңғы көрсеткіш математика пәніне тиесілі (2-сурет).



2-сурет. «Сіз үшін қызықты пән?» сауалнама сұрағының нәтижесі

Ескерту: Сауалнама нәтижесі негізінде авторлар құрастырған

Химия пәніне деген қызығушылықтың жыл өткен сайын төмендеп бара жатқаны соңғы уақытта байқалады. Зерттеу негізінде алынған нәтижелер білім алушылардың химия пәніне қызығушылығының белгілі бір деңгейде қалыптасқанын көрсетеді және пән мазмұнын білім алушыларға жақын әрі түсінікті ету үшін пәнаралық байланыстарды қолданудың өзектілігін айқындайды. Оның себебін анықтау үшін зерттеушілер бірнеше кезеңдерден тұратын тәжірибелер жасап, қорытынды шығарған. Неміс ғалымы Волфганг Гребер Германия мектептерінде зерттеу жасаған. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде білім алушылардың қызыққан тақырыптары бастапқы химия сабақтарында жоқ болып шыққан. Керісінше қабылдауы қиын теориялық тақырыптардан білім алушылар бірден жалығып, пәнге деген қызығушылық күрт төмендейді. Ғалым мынадай қорытындыға келген:

- химиялық процестердің экологияға әсерін түсіну үшін химиялық білім керек;
- гендерлік айырмашылықты анықтаған. Мысалы, қыздар тамақ өнеркәсібіне, шаруашылыққа, тастарға қатысты қызығушылық танытса, ер балалар пластмассаны жасауды, басқа материалдардың түзілуіне ерекше назар аударған.
- кітапты білім алушылардың жасына, қызығушылықтарына қарай құру керек деген ұсыныс білдіреді (Gräber, 2011).

Білім алушылардың химия пәні бойынша қызығатын тақырыптарын анықтау мақсатында «Химия пәніндегі математика, физика, биологиямен байланысты қызықты тақырыптар?» деген сұраққа білім алушылар әртүрлі жауап берген. Сауалнама нәтижесі бойынша білім алушылар химиялық элементтердің периодтық кестесі мен ерітінділерге басымдық берген (3-сурет).



3-сурет. «Химия пәніндегі математика, физика, биологиямен байланысты қызықты тақырыптар» сұрағының нәтижесі

Ескерту: Сауалнама нәтижесі негізінде авторлар құрастырған.

Зерттеу нәтижелері химия сабақтарында пәнаралық мазмұнды таңдаудағы білім алушылардың қызығушылығын ескерудің маңыздылығын көрсетеді. Мысалы, ерітінділер тақырыбын химиямен қатар математика, физика, биология және география пәндерінің мазмұнымен байланыстыра отырып қарастыру білім алушыларға химиялық білімнің қолданбалы сипатын түсінуге мүмкіндік береді.

Бенсон Игбоануго өз зерттеуін оқытушылардың тәжірибесі білім алушылардың пәнге деген қызығушылығына әсер етеді ме деген сұрақ айналасында жүргізген. Зерттеуші жалпы химия пәнінің күрделілігін алға тарта отырып, білім алушылардың химия пәніне деген қызығушылығы мынадай екі фактордың әсерінен болады деген тұжырым жасаған:

- тиімді оқыту әдістері
- оқытушының тәжірибесі.

И. Бенсонның гипотезасы бойынша, оқытушылардың тәжірибесіне қарай білім алушылардың қызығушылықтары бірдей қатынаста болады. Зерттеу нәтижесі де осы гиптезаға сәйкес келді. Жаратылыстану бағытындағы тәжірибелі ұстаздар уақыт өте келе мектептің әкімшілік істеріне тартылып, пәнді оқытуға уақыттары қалмайды. Ал жас мұғалімдердің білімі мен тәжірибесі аз. Сол себепті ол көпжылдық тәжірибесі бар мұғалімдерді әкімшілік жұмыстардан босатуды ұсынады (Igboanugo, 2023).

Сауалнамада «Химия пәні сізге ұнай ма?» деген сұрақ бар. Білім алушылардың 9 пайызы пәннің ұнамайтынын, ол үшін қиын пән екенін айтты. Ал қалған білім алушылар пәннің қиындығына қарамай қызыға оқитынын жеткізген. Осы орайда сауалнама жүргізген сыныптардың химия пәні мұғалімі жас маман екенін айта кеткеніміз жөн. Тәжірибесі аз болса да, білім алушылармен тез тіл табыса алатындығы және пәнді қызықты өткізетіндігін көріп отырмыз (4-сурет).



4-сурет. «Химия пәні сізге ұнай ма?» сұрағының нәтижесі

Ескерту: Сауалнама нәтижесі негізінде авторлар құрастырған

Зерттеуші Н.Кудинова білім алушылардың пәнге қызығушылығын өмірмен байланыстыра отырып арттыруды ұсынады. Н.Кудинова да мектеп бағдарламасындағы күрделі тақырыптар білім алушының ойлау дағдысына сәйкес келмейтінін атады. Пәнді енді оқып бастаған сыныптар үшін теориялық тақырыптар түсініксіз, күрделі болып көрінеді. 11-12 жас аралығындағы балалардың ойлау дағдысы күрделі тақырыптарды қорыта алмайды. Зерттеушінің пайымдауынша заманауи адамның химиялық білімге деген қажеттілігі мен мектеп бағдарламасындағы тақырыптардың өмірге қажет маңыздылығы арасындағы үлкен қарама-қайшылықты байқаған. Н.Кудинова диссертациялық еңбегінде химиялық білімді алудың «қызық» және «пайдалы» деген екі мотивін анықтаған және осы бойынша мазмұндық-құрылымдық моделін ұсынған (Кудинова, 2009). Химия пәнінің қаншалықты қолданбалы пән екенін түсіну үшін «Болашақта мамандығыңызды химия пәнімен байланыстырғыңыз келе ме?» деген сұрақ қойған едік. Білім алушылар арасында әлі тұрақтылық жоқ екенін түсіндік. Білім алушылардың жартысы дерлік әлі болашақ мамандық туралы ойланбағанын көруге болады (5-сурет).



5-сурет. «Болашақта мамандығыңызды химиямен байланыстырғыңыз келе ме?» сұрағының жауаптары

Ескерту: Сауалнама нәтижесі негізінде авторлар құрастырған.

Шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасай келе, химия пәніне деген қызығушылықтың себеп-салдарын анықтауға тырысқан деген қорытындыға келдік. Олардың пайымдауынша, бір ғана оқытудың әдіс-тәсілдері білім алушылардың мотивациясын

арттыруға жеткіліксіз. Ең алдымен, балалардың жасына, жынысына, тіпті тұрғылықты жерін қарастыра отырып, оқулық құрастыруға болады. Дұрыс құрастырылған оқулықты үйретететін тәжірибелі ұстаздар мен тиімді оқыту әдістері таңдалу керек. Химия пәнін оқытуда білім алушылардың қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдердің бірқатарын отандық зерттеушілер мен педагогтер өз тәжірибелері арқылы бөліскен болатын.

Химияны оқыту қиын пән ретінде мектеп білім алушыларының қатты қызығушылығын тудыра қоймағаны анық. Қазіргі білім алушылардың оқу мотивациясының ерекшеліктері өзгеруде.

Зерттеулерге талдау жасай келе, біздің байқағанымыз, білім алушылардың химия пәніне деген қызығушылығы әртүрлі деңгейде. Кейде жағымсыз қатынасты көрсетеді. Оған неше түрлі себеп бар:

* оқытушылардың өз пәніне деген қызығушылығының жоқтығы;
* сағаттың аздығы;
* сыныптың жабдықталмауы;
* зертханалық сағаттың аздығы;
* тәжірибе жүргізетін ресурстардың аздығы немесе жоқтығы;

Химия сабағында теориялық білім алу, есеп шығару және тәжірибе жасау деген іс-әрекеттер біріктірілген. Білім алушылар осы үшеуінің ішінен тәжірибе жасауға құлшынып тұрады екен. Бұл көрсеткішті дәл қазіргі зерттеулер де растап отыр. Қазіргі буынның балалары көбірек іс-әрекетке, тәжірибе жасап көруден қорықпайды (6-сурет).

6-сурет. «Сіз үшін химия сабағы қалай өткен қызықтырақ?» деген сұрақтың нәтижесі

Ескерту: Сауалнама нәтижесі негізінде авторлар құрастырған.

Факт деңгейіндегі пәнаралық байланыстар деп құбылыстардың ұқсастығын анықтауды айтады, биология, физика, химия курстарында оқытылатын жалпы құбылыстарды пайдалану, сондай-ақ табиғаттың жеке-жеке құбылыстары, үдерістері мен объектілері жайлы білімді жалпылау үшін оларды қарастыру. Сонымен, химия мен биологияны оқыту барысында мұғалім адам ағзасындағы судың мөлшері жайындағы деректерді қолдана алады, жасушада болатын процестер, полимерлердің биодеградациясы, байланыстыру туралы молекулалық азот цианобактериялар және т. б.

Ұғымдық пәнаралық байланыстар деп пәндік ұғымдардың негіздерін ұлғайту және тереңдету, жалпылама пәндік терминдер мен ұғымдардың қалыптасуы (табиғаттағы элементтер циклі, комплементарлық принципі, пептидтік байланыстың пайда болуы,

ферменттердің әсер ету принципі және т.б.) жаратылыстану циклі курстарындағы жалпы пәндік ұғымдарға құрылыс теорияларына енгізілген заттар («зат», «молекула», «құрылым», «қасиет»), сондай-ақ жалпы ұғымдар – «құбылыс», «процесс», «энергия» жатқызылуы мүмкін. Химияны зерттеу барысында бұл ұғымдар тереңдетіліп, нақтыланып қана қоймай, жалпыланған, жалпы ғылыми сипатқа ие болады.

Пәнаралық байланыстарды жүйелі қолдану ой-өрісті, ойлау тереңдігін дамытады, зерттелетін материалдың болып жатқан құбылыстарын тез қабылдауға ықпал етеді және қолданбалы пәндерде әлеуетті білімді пайдалану дағдыларын дамытуға көмектеседі. Көпжақты пәнаралық байланыстар сабақтың мазмұнын тереңдетеді, және танымдық құндылықты ұлғайтады, білім алушылар қоршаған ортаның үдерістері мен құбылыстарының өзара байланысын түсінеді. Пәнаралық байланысты қалай оқытудың заманауи принципі бірнеше пәндердің оқу мазмұнын таңдауға және құрылымына әсер ете отырып, білім алушылардың білімінің жүйелілігін көтереді. Оқыту әдістерін жандандыра отырып, кешенді формаларды қолдануға бағытталған оқу-тәрбие үдерісінің бірлігін қамтамасыз етіп, оқытуды ұйымдастыруға күш салады. Пәнаралық байланыстың мынадай функциялары анықталды:

1. Әдістемелік функция: Оқу процесіндегі пәнаралық байланыстар идеялар мен әдістерді табиғатты тануға жүйелі көзқарас жағынан интеграциялау сызығы бойынша дамитын қазіргі заманғы жаратылыстану әдістемесін көрсетеді.

2. Білім беру функциясы: пәнаралық байланыстар арқылы білім алушылардың жақсы білімі қалыптасады. Пәнаралық байланыстар химиялық ұғымдарды дамытудың негізі ретінде әсер береді, пәндердің арасындағы байланыстарды және барлық жаратылыстану пәндерінің ұғымдарын меңгеруге әсер етеді.

3. Пәндер арасындағы байланыстардың даму үрдісі білім алушылардың шығармашылық ой-өрісін жетілдірудегі, олардың танымдық белсенділігін, табиғат заңдылықтарын түсінуге деген ынтасын жасаудағы қызметімен айғақталады. Пәндер арасында байланыстар орнату ойлау жүйесінің пәндік инерциясын ұтуға және білім алушылардың ой-өрісін арттыруға ықпал жасайды.

4. Пәнаралық байланыстардың тәрбиелік қызметі химияны оқыту үрдісінде тәрбиенің барлық бағыттарына зор әсер етуімен байқалады. Басқа пәндермен байланыса келе, тәрбиеге комплексті көзқарас жүзеге асырылады.

5. Сындарлы функция: пәнаралық байланыстар арқылы оқу материалының мазмұны, оқытуды ұйымдастырудың әдістері мен формалары жетілдіріледі (Маркина, 2008).

